The following specific weights of domestic agricultural, fish products and food products in the total volume of commodity resources of the domestic market of the corresponding products (not less than) were taken as threshold values of food security for certain types of food products: grain – 95%, sugar – 80%, vegetable oil – 80 %, meat and meat products (in terms of meat) – 85%, milk and dairy products – 90%, fish products – 80%, potatoes – 95%, food salt – 85%.

The national nutrition policy is based on the formation of food demand in accordance with rational consumption standards, but the regions of Kazakhstan are characterized by unbalanced nutrition of the population. Securing the supply of agricultural products and influencing demand is the main function of the state and regions in the field of food security and the formation of a culture of consumption of the population.

The level of food security of a country can be characterized, in addition, by a number of other interrelated indicators. These include: the state's self-sufficiency in food, the independence of food supply and agricultural resource supply from imports; sizes of strategic and operational food stocks in accordance with regulatory needs; the volume of food production, especially of its basic types, per capita; consumption of vital foods; the level of physical accessibility of food for various categories of the population; stability and affordability of basic foodstuffs; quality and environmental friendliness of food.

When assessing the state of food security and its threshold values, indicators such as internal and external threats (dangers) of the country are used.

The main indicators characterizing internal threats to food security and the deterioration of the food situation in the country are:

- Depletion of land resources;

- Underdeveloped branches of processing and storage of agricultural products;

- Reduction of sown areas and livestock;

- A combination of natural factors unfavorably developing in some years (drought, floods, etc.) affecting the reduction of crop yields or leading to large losses;

- Violation of the conditions of reproduction in agriculture and other sectors of the agro-industrial complex due to the moral and physical depreciation of fixed assets;

- Migration of the economically active part of the population to large cities, deepening and stratification of society, in which the incomes of the least protected part of the population are sharply reduced.

The food market of any country is subject to the influence of not only internal, but also external threats. An external threat to the country's food security arises as a result of increased dependence on imports of the main types of food of the republic as a whole, its individual regions, cities, industrial centers from exporting countries. As Kazakhstan, seeking to become a WTO member, enhances the openness of its domestic market, there is a threat of large-scale expansion of food imports, crowding out domestic producers and, as a result, curtailing their production.

Summary and Conclusion

To ensure food security, it is necessary to protect the domestic producer, create preferential conditions (subsidies, taxation system, pricing mechanism) for the release of food products from domestic raw materials as economically cleaner.

A prerequisite for the functioning of the agro-industrial complex is the immediate creation of market infrastructure in the agricultural sector, a modern system of storage, processing and delivery of agricultural products to the consumer. In order to mitigate the competitive pressure on the domestic producer from the global market, there is a need to introduce protective and protectionist measures.

Ensuring food security requires the use of all factors necessary for the implementation of strategic national economic interests in the production and promotion of agricultural and food products to consumers.

Accordingly, an effective strategy and tactics in this area are needed, which are expressed in the state agrarian policy, the purpose of which should be to create favorable conditions for the stable satisfaction of the population's demand for food products through the efficient use of the country's production and economic potential.

Such a policy involves the implementation of a number of comprehensive long-term measures to monitor conditions that pose a threat to the provision of food to the population; addressing destructive trends in food security; developing a national food security strategy; meeting the demand of the population for food products, and the demand of industry for agricultural raw materials through the release of high-quality products and the establishment of favorable prices for both consumers and producers.

The experience of leading countries shows that the main focus of the problem of food security in most European countries is now more and more being transferred to the tasks of protecting consumer rights, ensuring the environmental safety of food, and preserving the environment.

Today, the measures taken by the Government of the Republic of Kazakhstan are aimed at increasing the investment attractiveness of the agro-industrial complex, increasing its effectiveness, which should have a beneficial effect on the level of food security and the macroeconomic situation in the country. At the same time, Kazakhstan has great opportunities to meet the demand for agricultural products both in the domestic market and increase production for export to world markets.

References

- Alshanov R.A. (2006) Kazakhstan na mirovom agrarnom rynke: potencial, problemy i ih reshenie [Kazakhstan in the global agricultural market: potential, problems and their solution]. Almaty: World Market Institute, 504 p.
- Apsaljamov N. (2004) Tendencii razvitiya pishhevoj promyshlennosti v Respublike Kazahstan [Food industry development trends in the Republic of Kazakhstan]. *Transit Economy*, no 5, pp. 39–45.
- Aseev Ju.I. (1993) Osnovy agrarnoj sociologii [Fundamentals of Agricultural Sociology]. Stavropol.
- Bergman T. (1988) Kommunistische agrarsysteme. *Sozialismus*. Hamburg, no 2.
- James W.P.T., Schofield C. (1990). Human Energy Requirements: FAO/OUP.
- Johnson D. (1991) Word agriculture in disarray. L.
- Conway G., Barber E. (1990). After the Green Revolution. Sustainable Agriculture for Development. L., pp. 60.
- Laird R., Laird B. (2016) Glasnost, perestroika and Gorbachev's rural policies. *Studies in comparative communism*. Los Angeles, vol. 23, no 2.
- Ocenka prodovol'stvennoj bezopasnosti Respubliki Kazahstan na osnove dannyh obsledovaniy domashnih hozjajstv po ocenke urovnja zhizni v 2013 i 2019 godah (2019) [Assessment of food security of the Republic of Kazakhstan based on data from household surveys to assess the standard of living in 2013 and 2019]. Almaty: Agency of the Republic of Kazakhstan on Statistics, 21 p.
- Polozhenie del v svyazi s otsutstviem prodovol'stvennoj bezopasnosti v mire (2012) [The State of Food Insecurity in the World]. www.fao.org
- Pryor F. (2015) Third world decollectimisation. *Problems of communism*. Wash, vol. 40, no 3.
- Shanin T. (1998) Soviet agriculture and perestroika. *Sociologia ruralis*, Assen, vol. 29, no 140.
- Fakiolas F. (1987) Soviet agriculture: The problems and their causes prospects. *Rivista internazionale di scienze economiche e commerciali*. Milano, no 3, pp. 34.

Fudina E.V. (2017) Sostojanje i problemy razvitija APK Penzenskoj oblasti [Status and problems of the development of the agro-industrial complex of the Penza region]. Modern problems of the agricultural economy in the research of young scientists. M.: VIAPИ them. A.A. Nikonov, pp. 164–166.

Jekonomicheskaja i nacional'naja bezopasnost' (2015) [Economic and national security] under the editorship of Doctor of Economics, prof. Goncharenko. M.: CJSC «Publishing House «Economics», 243 p.

Литература

Алшанов Р.А. Казахстан на мировом аграрном рынке: потенциал, проблемы и их решение. – Алматы: Институт мирового рынка, 2006. – 504 с.

Апсалямов Н. Тенденции развития пищевой промышленности в Республике Казахстан // Транзитная экономика. – 2004. – №5. – С. 39–45.

Асеев Ю.И. Основы аграрной социологии. – Ставрополь, 1993.

Bergman T. Kommunistische agrasystems // Sozialismus. – Hamburg, 1988. – № 2.

James W.P.T., Schofield C. Human Energy Requirements: FAO/OUP. – 1990.

Johnson D. Word agriculture in dissarray. – L., 1991.

Conway G., Barber E. After the Green Revolution. Sustainable Agriculture for Development. – L., 1990. – P. 60.

Laird R., Laird B. Glasnost, perestroika and Gorbachev's rural policies // Studies in comparative communism. – Los Angeles, 2016. – Vol. 23. – № 2.

Оценка продовольственной безопасности Республики Казахстан на основе данных обследований домашних хозяйств по оценке уровня жизни в 2013 и 2019 годах. – Алматы: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2019. – 21 с.

Положение дел в связи с отсутствием продовольственной безопасности в мире 2012 // www.fao.org

Pryor F. Third word decollectimisation // Problems of communism. – Wash. – 2015. – Vol. 40. – №3.

Shanin T. Soviet agriculture and perestroika // Sociologia ruralis. – Assen. – 1998. – Vol. 29. – №1. – P. 140.

Fakiolas F. Soviet agriculture: The problems a their causes prispects // Rivista internazionale di scienze economiche e commerciali. – Milano, 1987. – № 3. – P. 34.

Фудина Е. В. Состояние и проблемы развития АПК Пензенской области // Современные проблемы экономики АПК в исследованиях молодых ученых. – М.: ВИАПИ им. А. А. Никонова, 2017. – С. 164–166.

Экономическая и национальная безопасность /под ред. д.э.н., проф. Гончаренко. – М.: ЗАО «Издательство «Экономика», 2015. – 243 с.

¹Д. Зүлкәпіл , ²Л.Т. Нуркатова

¹курс PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Zulkapil1982@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-3987-551X>

²Әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Президент жанындағы әлеуметтік-экономикалық зерттеулер орталығының басшысы, Қазақстан, Астана қ., e-mail: Lyazko@mail.ru

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ КӨРСЕТУДІҢ ТҮРЛЕРІ, ОНЫҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЛАРЫ

Аңдатпа. Соңғы жылдары Қазақстанда болып жатқан өзгерістер көптеген мәселелерді, соның ішінде әлеуметтік проблемаларды шиеленістірді. Олардың қатарына, әрине, зорлық-зомбылықтың әртүрлі формаларындағы, соның ішінде отбасындағы зорлық-зомбылықтың өсу проблемасын да жатқызуға болады. Әлеуметтану, денсаулық сақтау, криминалистика, құқықтану, баспасөз ұйымдарының деректеріне сүйенетін болсақ Қазақстандағы отбасылардың едәуір бөлігінде зорлық-зомбылық күнделікті, үйреншікті, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін өмір салтына айналып бара жатыр. Мақалада зорлық-зомбылық көрсетудің түрлері, оның себептеріне байланысты көптеген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері мен мақалалары, тұжырымдамалары, көзқарастары және ой-пікірлері қарастырылды. Мақала жазу барысында шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері, ҚР статистикалық материалдары қаралып, соның ішінде: зорлық-зомбылықтың түрлері мен себептерін зерттеуде біршама ғалымдардың пікірлеріне тоқталды. К. Лоренц, Л. Берковиц, А. Басс, В. Крейхидің еңбектеріне сүйенсек, зорлық-зомбылық белгілі бір ұзақтығы, ұзындығы және кезеңдері бар процесс, сонымен қатар зорлық-зомбылық агрессияның ерекше түрі ретінде қарастырылған. Ленор Уокердің «үш фазалық теориясында» зорлық-зомбылық циклінің кезеңдері туралы тұжырымдамасы пайдаланылды. С. Пинкер, Р.У. Вернон, М.Е. Браун, Энн Бургесс пен Линда Холмстром және Т.А. Забелина, И.Д. Горшкова, И.И. Шурыгина, Л. Берковиц, П.Д. Павленок, Л.Я. Курочкина, Е.Ф. Лейченко және тағы басқа ғалымдардың еңбектері ерекше назар аудартады. Бұл авторлар зорлық зомбылықтың түрлерін, себептері мен салдарларын зерттей отырып, зорлық-зомбылық мәжбүрлі және заңсыз сипатқа ие екенін атап өтті.

Түйін сөздер: зорлық-зомбылық, агрессия, мәжбүрлеу, мінез-құлық, күш көрсету.

¹D. Zulkapil, ²L.T. Nurkatova

¹PhD student, department of sociology and social work, Al-farabi National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail:Zulkapil1982@mail.ru
²doctor of sociological Sciences, Professor, Kazakhstan Astana, e-mail:Lyazko@mail.ru

Types of Violence, its Causes and Consequences

Abstract: the changes taking place in Kazakhstan in recent years have exacerbated many problems, including social ones. These, of course, include the problem of increasing violence in various forms of violence, including in the family. According to sociological, health, criminology, law, press organizations, in a significant part of families in Kazakhstan, violence becomes a daily, habitual, transmitted from generation to generation way of life. The article discusses the forms of violence associated with its causes, works and articles, concepts, views and opinions of many foreign and domestic scientists. During the writing of the article, the works of foreign and domestic scientists, statistical materials of the Republic of Kazakhstan were considered, including the opinions of some scientists on the study of forms and causes of violence. K. Lorenz, L. Berkowitz, A. bass, V. According to the writings of kreih, violence is considered as a process with a certain duration, length and periods, as well as a special kind of aggression of violence. Lenore Walker's three-phase theory used the concept of stages in the cycle of violence. Special attention is paid to the works of S. Pinker, R. W. Vernon, M. E. brown, Anne Burgess and Linda Holmstrom, etc. I. I. Shurygina, L. Berkowitz, P. D. Pavlenok, L. ya. Kurochkina, E. F. leichenko and other scientists. These authors, studying the types, causes and consequences of violence, noted that violence is forced and illegal.

Key words: violence, aggression, use of force, cruelty, behavior, coercion.

¹Д. Зулкапил, ²Л.Т. Нуркатова

¹2 курс PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail:Zulkapil1982@mail.ru

²доктор социологических наук, профессор, руководитель отдела
социально-экономических исследований, Қазақстан, Астана г., e-mail:Lyazko@mail.ru

Виды насилия, его причины последствия

Аннотация. В последнее время изменения, происходящие в Казахстане, начали обострять многие проблемы, в том числе и социальные. К их числу можно отнести проблемы роста семейного насилия. Если основываться на сведениях, полученных в таких сферах как социология, здравоохранение, криминалистика и средства массовой информации, то можем заметить, что во многих семьях Казахстана семейное насилие стало обыденным образом жизни, передающимся от поколения в поколение. В этой статье приведены определения понятия «семейное насилие», точки зрения многих ученых о семейном насилии, а так же рассмотрены виды, формы и причины семейного насилия. При изучении причин и форм семейного насилия рассматривались различные взгляды зарубежных и отечественных ученых, а также были использованы материалы Агентства статистики РК. По мнению Лоренца, Берковица, Баса, насилие – это длительный процесс, состоящий из нескольких этапов, и особая форма проявления агрессии. В трехфазной теории Уокера Ленора рассмотрены концепции цикловых этапов семейного насилия. Особое внимание было уделено научным трудам Пинкера, Вернона, Брауна, Энн Бургеса и Линды Холмстрома, Забелиной Т.А., Горшковой И.Д., И.И. Шурыгина, Л. Берковиц, П.Д. Павленок, Л.Я. Курочкина, Е.Ф. Лейченко и др. ученых. Эти ученые исследуя виды и причины проявления семейного насилия пришли к выводу, что семейное насилие приобретает принуждающий и незаконный характер.

Ключевые слова: насилие, агрессия, применение сил, жестокость, поведение, принуждение.

Кіріспе

Соңғы жылдары Қазақстанда болып жатқан өзгерістер көптеген мәселелерді, соның ішінде әлеуметтік проблемаларды шиеленістірді. Олардың қатарына, әрине, зорлық-зомбылықтың әртүрлі формаларындағы, соның ішінде отбасындағы зорлық-зомбылықтың өсу проблемасын да жатқызуға болады. ПМ статистикасына сәйкес, ауыр қылмыстардың 40%-ы әйелдерге отбасында жасалады. Зорлық-зомбылықтың 70%-ы әйелдер мен балалар зардап шегеді. Әрбір қырық минут сайын әйелдердің біреуі күйеуінің немесе әріптесінің қолынан қаза табады. Отбасындағы зорлық-зомбылық проблемасы қоғамдағы өзара қарым-қатынастардағы дисгармония мен ауытқуларды бейнелейді. Зорлық-зомбылық бұл әйел немесе балаға қатысты ауырсыну мен жарақат тудыратын физикалық әрекеттер ғана емес, психологиялық зорлық-зомбылық болуы мүмкін. Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі шешілгеннен алыс және осындай тәжірибені басынан кешірген клиенттермен әлеуметтік жұмыс ерекшеліктеріне назар аударуды талап етеді. Елімізде экономикалық және әлеуметтік тұрақсыздықты сипаттайтын қазіргі жағдайында әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың пайда болуы әбден негізделген болып саналады. Бұдан басқа, теледидар фильмдерінде, жаңалықтар бағдарламаларында зорлық-зом-

былықты насихаттайтын БАҚ-тың әсерін атап өту қажет. Сондықтан қазіргі қоғам жағдайында әйелдерге қатысты әртүрлі девиантты мінез-құлықтың пайда болуы заңды болып табылады. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық зардап шеккендердің өмірінде де, қоғамның өзінде де көптеген проблемалардың пайда болуына алып келеді.

Негізгі бөлім

Зорлық-зомбылық – жеке, топтық, әлеуметтік, мәдени және ортадағы факторлардың әсерінен туындайтын мінез-құлықтағы кешенді өзара іс-қимылдың нәтижесі болып табылатындығы көптеген ғалымдардың тұжырымдамалық бағыттары негізінде зерттелген болатын. Зорлық-зомбылық мәселесімен айналысатын мамандар үшін зорлық-зомбылық жағдайының қалай дамып жатқанын түсіну маңызды болып табылады. Бұл үшін «үш фазалық теория» деп аталатын тұжырымдамаға сүйенеміз. Бұл теорияны алғаш рет Ленор Уолкер тәжірибелік іс-қимыл барысында жәбірленушілермен зорлық-зомбылық оқиғаларының циклын анықтаған «Жәбірленген әйел» атты кітабында көрсетті. (Walker, 1980: 288)

Ленор Уокер зорлық-зомбылықтың барлық жағдайын «үш фаза» қағидаты бойынша жұмыс істейтін жүйе ретінде қарастыруды ұсынады.

Зорлық-зомбылық циклі басқа да әлеуметтік мәселелер сияқты төмендегі үш кезеңнен тұрады:

«Шиеленіс кезеңі» ашудың жекелеген жарылыстарымен сипатталады. Мұнда адам әдетте, жағдайды бұзуға тырысып, тыныштықпен әрекет етуге тырысады. Олар сондай-ақ өздерін қорғауға тырысады. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған адам өзін күйзелісті көңіл-күйге түсіп, мазасыздықты сезінеді. Және де құрбанға бұл кезеңде көмек пен қолдау көрсету тиімді болып табылады;

«Жарылыс кезеңі». Бұл кезең эмоциялық жарылыстар мен зорлық-зомбылық түріндегі физикалық әрекеттермен, күреспен, соққылармен, дау-жанжалдармен, тұрақты сынмен, агрессордың тарапынан талап етумен сипатталады, жазаны уәде етеді. Жәбірленуші қорқыныш сезінеді, кейде тіпті қасіретін сезеді. Бұл екіден жиырма төрт сағатқа созылатын ең қысқа кезең. Осы кезеңде немесе осыдан кейін жәбірленуші полицияға, әлеуметтік қызметтерге, дағдарыстық орталықтарға және медициналық көмек көрсету орталығына көмек сұрап жүгінуі мүмкін;

«Татуласу кезеңі» немесе «Бал айы». Агрессор бұл кезеңде кешірім сұрауы мүмкін, ерекше мейірімділік танытады, оның сүйіспеншілігіне көз жеткізіп, өкінеді және болған жағдайдың ешқашан қайталанбайтынына уәде береді, бірақ сонымен бірге әйелді зорлық-зомбылыққа түрткі болғаны үшін айыптауы да мүмкін. Бұл жағдай жәбірленушіге жағдайды өзгертуге үміт береді. Алайда, бірнеше уақыттан кейін, «татуласу кезеңі» қатадан 1-кезең «шиеленісу кезеңіне» ұласып, ары қарай қайталана беруі мүмкін.

Бұл көріністердің бәрі зорлық-зомбылықтың барлық түріне тән. Бүгінгі таңда олардың бірнешеуі бар. Қоғамда да, әдебиетте де ең кең таралған зорлық-зомбылықтың бірнеше түрі бар. Оларға төменде жеке-жеке тоқталып өтсек болады.

1. Психологиялық (психикалық) немесе эмоционалды зорлық-зомбылық.

Бұл тұлғаның жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін талаптарды ұсыну, дәлелсіз айыптауды насихаттау, қадір-қасиетін қорлау, ұнатпау, ұнамсыздық, ауызша қорлау, қауіп-қатер, алдау, олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу, сондай-ақ психикалық дамудың бұзылуына алып келетін бір-біріне тұрақты немесе мерзімді теріс әсер ету.

Мұндай зорлық-зомбылықтың белгілері мыналар:

– үнемі сынайды, айғайлайды немесе ренжітеді;

– намысына тиетін сөздер айтып, мазақ етеді;

– жазалау ретінде ол адамның нәзік сезімдеріне назар аудармайды;

– жұмысқа немесе мектепке баруға тыйым салады;

– айла-шарғы, өтірік пен келіспеушіліктерді пайдаланады;

– туыстарын және достарын ренжітеді;

– туыстарымен немесе достарымен қарым-қатынас жасауға тыйым салады;

– кез келген байланыс құралдарын пайдалануға мүмкіндік бермейді;

– қоғамдық орындарда қорлаушылық іс-әрекеттер жасайды;

– үйден қууға немесе кетіруге қорқытады;

– жан-жақты бақылау. (Карл, 2011:85).

Психологиялық зорлық-зомбылықтың басқа зорлық-зомбылықтан ерекшелігі, қатысушылар өздері өз қимылдарын немесе әрекеттерін соңына дейін толық түсінбейді. Адамдар өзінің сезімімен екінші жаққа сенімді болғаны соншалықты, екінші жақтың агрессиясын байқамайды. Психологиялық ықпалдар аяқталғаннан кейін келесідей салдарлар болуы мүмкін:

– невротикалық күйзеліске ұшыраған серіктес;

– сананың шатасуы;

– адамға қолдау қажет болған кезде, ол адамда үмітсіздік сезім пайда болады.

Стивен Пинкер психологиялық тұрғыдан зорлық-зомбылық мәселесінің теориялық аспектілерін зерттей келе, зорлық-зомбылық себептері – бұл адамдардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері мен патологиясының салдары деп тұжырымдайды. (Рубинштейн, 2012 <http://www.rubstein.ru/lib/nasilie.html>).

Қазақстанда Ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінің Қазақстандағы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты іріктемелі зерттеуінде, 2016 жылғы статистикалық көрсеткіштер бойынша психологиялық зорлық-зомбылыққа ұшырағандар 20,6%-ды құраған екен. (Статистикалық жинақ, 2016:37)

2. Физикалық зорлық-зомбылық – адам денесіне тікелей әсер ететін зорлық-зомбылық: ұрып-соғу, жарақат алу, азаптау және оның салдарынан зардап шеккен адам денсаулығына зиян келеді. Бұл зорлық-зомбылық спектрі кең: соққыға жығудан өлтіруге дейін. Физикалық зорлық-зомбылық медициналық сараптама деректерінің негізінде оңай анықталады. (Забелина, 2001: 35)

Осындай зорлық-зомбылықтың қоғамда немесе отбасында ең көп таралған белгілері:

– ұрып-соғу;

– соққы және ұру арқылы ауырсынуды тудыру;

– қауіп-қатерге барады, мысалы, машинаны басқаруда қауіпсіздікті ескермейді;

– қарумен қауіп төндіреді немесе жарақаттайды;

– адамды қауіпті жерлерге қалдырады;

– түнде ұйықтауға жол бермейді;

– азық-түлік және басқа да қажетті тауарларды сатып алудан бас тартқызады;

– басқа тұлғаның мүлкіне зиян тигізеді;

– туыстарына немесе достарына зиян келтіру қаупі бар.

Бірақ, сонымен қатар, физикалық зорлық-зомбылыққа ересек тұлғаны немесе баланы есірткі, алкоголь, улы заттар немесе «мас күйінде зиян келтіретін дәрілерді» қолдануға тарту іс-әрекеті де кіреді (мысалы, дәрігердің тағайындауынсыз ұйықтау таблеткаларын қолдану).

Зорлық-зомбылықтың бұл түрі бойынша Қазақстанда Ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінің деректеріне сүйенсек, 2016 жылы 16,2%-ы физикалық зорлық-зомбылыққа ұшыраған. (Статистикалық жинақ, 2016:37).

3. Сексуалдық зорлық-зомбылық – адамның жыныстық қолсұғылмаушылығына немесе жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер. (Республикалық құқықтық ақпарат орталығы 2012). Қазақстанда Ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінің Қазақстандағы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты іріктемелі зерттеуінде, 2016 жылғы статистикалық деректер бойынша, сексуалды зорлыққа ұшырағандардың үлесі 3,6%-ды құраған. (Статистикалық жинақ, 2016:5).

Құрбандарда зорлаудан кейін немесе зорлау әрекеттері, немесе сексуалдық зорлық-зомбылықтың басқа да түрлеріне ұшырағаннан кейін, 1974 жылы психологтар Энн Бургесс пен Линда Холмстромның сипаттаған «зорлаудың зақымдану синдромына» жиі ұшырайды. Және сексуалды зорлық-зомбылықтан кейінгі кезеңдердің бірі көрініс береді және осы уақыт ішінде бірнеше аптадан кейін жалғасуы мүмкін келесі белгілер пайда болады:

Экспрессивті реакция. Жәбірленуші тынышсыз және ашық эмоцияларды көрсетеді. Қатты толқып немесе истерикаға түсіп, тоқтамай жылауы немесе ұстамсыз қорқыныш сезіміне тап болады;

Эмоциялық бақылау. Жәбірленуші барлық эмоциялардан айырылып, «ештеңе болмады» және «бәрі жақсы» деген секілді әрекет етеді.

Осындай тыныш реакция жәбірленушінің үрейін немесе сенімсіздігін тудыруы мүмкін, бірақ шын мәнінде бұл ең күшті эмоционалды сілкіністің көрінісі;

Дезориентация. Жәбірленуші күшті дезориентацияны, шатасымды сезінеді. Еш нәрсеге шоғырлана алмайды, тіпті кішігірім де қарапайым және күнделікті істермен де айналыса алмай қалады. Жиі жәбірленуші не болғанын есіне түсіре алмайды, болған жайт туралы айтса, нақты қателерге жол береді және қателеседі. Дегенмен, бұл сондай-ақ соққы күйінің типтік көрінісі болып табылады. (Морозова, 2009 <http://2beyoung.ru/readme/>)

Экономикалық зорлық-зомбылық – адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру. Қазақстанда 2016 жылғы статистикалық көрсеткіштер бойынша, зорлық-зомбылықтың бұл түріне ұшырағандардың үлесі 6,3%-ды құраған. (Статистикалық жинақ, 2016:7)

Бұл жиі психикалық зорлық-зомбылықтың көрінісі ретінде саналады, себебі ол бұзылыстың өте ұқсас тактикасын қамтиды. Негізгі көріністері мыналар:

– әрқашан міндетті түрде ақша сұрау;

– адамға келтірілген шығындар туралы есеп беруі;

– үнемі айыптау (тәуелділік);

– оқуға, жұмысқа, мансаптық өсуге кедергі келтіру;

– көрсетілген қызмет үшін шағын сомаларды беру;

– егер адам ақшалай көмек сұраса, оған қиын талаптар қояды.

Осылайша, зорлық-зомбылықтың әрбір түрі өз ерекшеліктеріне ие болады және қауіпті, өйткені адамдар зиянды толық түсінбейді және кейде олар өз іс-әрекетін толықтай қалыпты және дұрыс деп санайды. (Горшкова, Шурыгина, 200:76)

Жалпы, зорлық-зомбылық – көнеден құрығын жимай келе жатқан көлеңкелі құбылыс. Қай кезде де қоғамның мінсіз болмағаны белгілі. Өкініштісі, көп жағдайда зорлық-зомбылықтың құрбаны нәзік жанды әйелдер мен балалар болып жатады. Өйткені әйел – әлсіз, бала – қорғансыз.

Ал, енді балалар мен әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың себептері мен салдарларына тоқталып өтейік.

Адамдар зорлық-зомбылықтық мінез-құлықпен бірге туылмайды. Олай болса зорлық-зомбылықтың нақты себептері қандай? Неге адамдар жақын адамдарға қатыгездік танытады?

Зорлық-зомбылықтың барлық жағдайларын және себептерін толық түсіндіре алатын бірыңғай теория жоқ. Алайда, адам табиғатының күрделілігін, халықтың әлеуметтік өзара әрекеттесу сипаттамаларын және әлеуметтік құрылым ретінде отбасының ерекшеліктерін, олардың әртүрлілігін, сондай-ақ адамның жеке ерекшеліктерін және өзара байланысты болған жағдайдағы ауытқулар зорлық-зомбылықты тудыруы мүмкін екенін ескеру қажет. Осы жағдайлардың барлығы бірлікте қарастырылуы керек, олар адамдарға және олардың әрекеттеріне үлкен әсер етеді.

Жалпы, зорлық-зомбылықтың пайда болу себептерін үш топқа бөліп көрсетуге болады:

Бірінші себептер тізімі:

- дұрыс емес тәрбие;
- балалық шағында қатыгез қарым-қатынас;
- алкоголизм және маскүнемдік;
- адамның жеке қасиеттерінің ерекшеліктері.

Екінші себептер тізімі:

- отбасындағы түсінбеушілік;
- ұнатпау;
- сәтсіз неке;
- психикалық бұзылулар мен аурулар;
- әлеуметтік және қаржылық жағдай (жұмыссыздық, кедейлік, төмен кірістер).

Үшінші себептер тізімі:

- руханилық пен адамгершіліктің төмен деңгейі;
- жазасыздық;
- физикалық әлсіздік және эмоционалдық қорқыныш;
- ерлердің шовинизмі;
- зинақорлық;
- БАҚ-тың әсері.

Өз шығармаларында П.Д. Павленок отбасылық зорлық-зомбылықты және кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықты қарастырады. Ол проблеманың пайда болуын әлеуметтік-мәдени жоспарда талдайды, оның пайда болуының негізгі себептері мен қазіргі заманғы қоғамдағы даму заңдылықтарын айқындайды. Оның пікірінше, проблеманың негізгі көздері – әлеуметтік қоғам және гендерлік стереотиптер. (Павленка, 2009:272)

Біріншіден, зорлық-зомбылықтың әлеуметтік-мәдени сипатқа ие болуы, отбасылық қарым-қатынастың мәні туралы стереотиптік идеялардың ажырамас бөлігі болуы, тәрбиемен қабылданатын, сыртқы әсерлердің туындауы, осылайша, олардың жалғыз мүмкін моделі болуы мүмкін.

Екіншіден, балалар мен жасөспірімдерге қатыгездікпен қарау жеке адамның немесе

адамдардың жеке өмірлік тәжірибесінің нәтижесі болуы мүмкін және осылайша олар үшін мұндай қарым-қатынас типін әмбебап деп санауға болатын моральдық-психологиялық негіз пайда болады.

Үшінші себеп, ерте кезден бастан өткерген келеңсіз жағдайлар өзінің балалық комплекстерінің пайда болуына әкелетін «бала кездегі травма» себебімен байланысты.

Төртінші себеп, индивидтің жеке қасиеттерімен, яғни оның дұрыс тәрбиеленбегендігінің нәтижесімен байланысты.

Отбасындағы зорлық-зомбылыққа ықпал ететін түрлі факторларды қарастырған ғалым Майкл Е. Браун жағдайлық (бұзылған отбасылық қатынастар, өзін-өзі бағалаудың төмендігі, баланың қалаусыздығы) және құрылымдық (жұмыссыздық, әлеуметтік оқшаулау, қаржылық қиындықтар) стресстер отбасындағы зорлық-зомбылықты тудыруға себеп болады деп санайды. (Ванханен, 2014:288).

Балаларға қатыгездікпен қараудың себептері мыналар болып табылады: жұмыссыздық немесе материалдық қауіпсіздіктің төмендігі, бір немесе екі ата-ананың алкоголизмі, жалғыздық немесе бұзылған неке; шиеленісті арттыратын күрделі тұрғын үй проблемалары; ата-аналардың ашушандығы немесе өмір сүру жағдайына көңілі толмау; физикалық немесе психикалық әлсіздік; ата-ананың эгоизмі, ойын-сауыққа деген ұмтылысы; баламен байланыста болмауы; шамадан тыс талапшылдық; басқа баланың тууы; балалар санының көп болуы; баланың қажетсіз туылуы (мысалы, некеге отыруға мәжбүрлеу себебі ретінде); физикалық және ақыл-ойы кемістігі бар баланың тууы; баланың өзіндік мінез-құлқы: қырсықтық, белгіленген режимді орындаудан әдейі бас тартуы, балалар мекемелеріне бару, ұрлық, өтірік және т.б. (Руднева, Павленок 2010: 264) Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың зардаптары балалардың бір-бірімен қарым-қатынасында қатыгездікке алып келеді. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің кәмелетке толмағандар арасындағы және олардың арасындағы құқық бұзушылық жағдайларын талдау бойынша, зорлықтан зардап шеккен балалардың 37%-ы нашар отбасыларда тәрбиеленген. Ең көп қылмыс жазда (шамамен 58%), яғни, демалыс кезеңінде балалар мен жасөспірімдер, әдетте, жұмысқа орналастырылмаған және өздері қараусыз қалдырған уақытта орын алған. (Анализ статистических данных о состоянии правонарушений среди несовер-

шеннолетних и в отношении них за 2016-2017 года, 2017: 11) Дәл осы кезеңде ата-аналар мен тәрбиешілердің бақылауынан тысқары болып қалады, бұл зорлық-зомбылықты, оның ішінде сексуалдық қылмыстарды жасайтын тәуекелдерді арттырады.

Осындай себептердің нәтижесінде балалар зорлық-зомбылық құрбанына ұшырап, соның салдарынан неше түрлі зардаптарды басынан кешіріп жатыр.

Стивен Пинкер психология тұрғысынан зорлық-зомбылық мәселесінің теориялық аспектілерін зерттейді және зорлық-зомбылық себептері адамдардың әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары мен патологиясының салдары болып табылады деп бекітеді. (Подойникова, 2003:14-17)

Балаларға қатыгездікпен қарау және олардың мүдделерін елемейтін әртүрлі типтері мен түрлері болуы мүмкін, бірақ олардың нәтижесі әрқашан: денсаулыққа, баланың дамуына және социализациясына елеулі зиян, өміріне жиі қауіп төндіреді. Зорлық-зомбылық құрбаны болған балалар дамуда артта қалады, әртүрлі физикалық және психо-эмоционалдық бұзылулардан зардап шегеді.

Кез келген зорлық-зомбылыққа қатысты ең әмбебап және қатал реакция – өзін-өзі бағалаудың төмендігі, бұл зорлық-зомбылықпен байланысты психологиялық бұзушылықтардың сақталуы мен нығаюына ықпал етеді.

Өзін-өзі төмен бағалайтын адам кінәлі, ұят сезімін сезінеді. Ол «сен бәрінен нашарсың» деген үнемі өздерін төмен санаушылық сезімімен сипатталады. Осыған байланысты, баланың басқаларға құрмет көрсетуі, табысқа жетуі және құрдастарымен қарым-қатынас жасау қиын. Ересектер өмірінде зорлық-зомбылықтың салдары психосоматикалық аурулар түрінде, түрлі бұзылушылықтар (есірткілер, алкоголь, дәрілік заттар), өз денесін қабылдамаумен байланысты әртүрлі бұзушылықтар түрінде көрініс табады. Серіктеспен жыныстық қатынаста бұзушылықтар байқалады.

Балалық шақтағы зорлық-зомбылық ұзақ мерзімді салдарға әкеліп соғады, бұл көбінесе өмірдің соңына дейін әсер етеді. Бұл нақты отбасылық қарым-қатынастарды, ерекше өмір сценарийлерін қалыптастыруға үлес қосуы мүмкін. Балалық шағында зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамдар, әдетте өз отбасындағы жақындарына агрессия және зорлық-зомбылыққа бейімділікті танытады.

Зорлық-зомбылық зорлық-зомбылықты тудырады, көптеген зерттеулердің жинақталған

нәтижелері зорлық-зомбылық циклы түсінігінің пайда болатынын дәлелдейді.

Кез келген зорлық-зомбылықты бастан кешкен балалар социализацияда қиындықтарды бастан кешеді: олар ересектермен қарым-қатынасты бұзып, құрдастарымен жақсы қарым-қатынаста болмайды, мектепте беделге ие болу үшін жеткілікті білім мен ақылдылыққа ие емес және т.б. Зорлықтан зардап шеккен балалардың проблемаларын шешу жиі қылмыстық, әлеуметтік-тұрмыстық емес орталарда кездеседі және бұл жиі алкоголь мен есірткіге тәуелділігін қалыптастырумен байланысты, олар ұрлауды және басқа да қылмыстық әрекеттерді жасайды.

Жоғарыда айтылғандай, кез келген зорлық-зомбылық түрі балалар мен жасөспірімдерде қоғам үшін жағымсыз және тіпті қауіпті ететін жеке және мінез-құлықтық ерекше қасиеттерді қалыптастырады.

Қоғам үшін балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың салдары, бірінші кезекте, балалар мен жасөспірімдерді өлтіру немесе олардың суицидтері нәтижесінде адам өмірін жоғалтуда, сонымен қатар, бұл адамның психикалық және физикалық денсаулығын бұзуынан, кәсіби деңгейі мен білім деңгейінің төмендеуінен, қылмыстық әрекетке байланысты қоғамның өнімді мүшелерінің жоғалуынан көрініс табады. (Vernon, 1998:228)

Америкалық психолог, адам агрессиясының мәселелерін зерттеген ғалым Леонард Берковиц «Агрессия: себептері, салдары және бақылау» атты кітабында зорлық-зомбылықтың себептерін қарастырып өтеді.

Ғалымның пікірінше, зорлық-зомбылықтың себептері (факторлары):

- психопатикалық (ата-аналар мен балалардың зорлық-зомбылыққа бейімділігі);
- әлеуметтік (сыртқы (әлеуметтік) факторлардың әсері: кедейлік, жұмыссыздық, әлеуметтік оқшаулау, төмен білім беру мен мәдени деңгейі);
- психоәлеуметтік (зорлық-зомбылық факторлары құрылымдық, ситуациялық және коммуникативті болып бөлінеді, коммуникативті факторлар шешуші болып табылады) (Берковиц, 2001:512)

Балалармен қатар, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық себептерін де қарастыруға болады, олар шартты түрде үш топқа бөлінеді:

- ер адамның мінез-құлқының сипатына және оның жеке өмірінің тарихына негізделген себептер;
- әйелдің өмірі мен оның жеке қасиеттерінің тарихынан туындайтын себептер;

– неке қатынастарының ерекшеліктеріне байланысты себептер.

Әйелдер үшін өз ата-анасының отбасыларындағы қолайсыз өмір жағдайының себептері де қауіп факторлары ретінде әрекет етеді. Ал, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық құрбандардың өмірінде де, қоғамда да көптеген проблемаларға әкеп соғады. Әлеуметтік тұрғыдағы теориялық көзқарастар бойынша, отбасындағы зорлық-зомбылыққа басты көзқарас гендерлік теңсіздікті зорлық-зомбылықтың негізгі себебі деп санайтын патриархаттық теориямен сипатталады. Американдық әлеуметтанушы К. Левинсонның мәдениетаралық зерттеуі бұл теорияны растайды. Зерттеу 9 елде жүргізілді, ол жерде ерлері отбасылық деңгейде материалдық ресурстарды басқаруға және шешімдер қабылдауға ие, ал әйелдері болса барлық құқықтардан айырылған, бұл әйелге қатысты зорлық-зомбылықтың себебі деп түсіндіріледі. (Walters, Park, 1964:276)

Қоғамда гендерлік мінез-құлықты әлеуметтік реттеудің дәстүрлі әдістері бар. Мысалы, қоғамда жалғызбасты немесе ажырасқан әйелдің болуы «қауіпті», әйелдің өмірі қоғам тарапынан моральдық және психологиялық зорлық-зомбылық болып табылатын жалпықоғамдық қызығушылық және бақылау объектісіне айналады. Кейде бұл жағдайға төтеп беру күйеуі немесе серіктесі тарапынан болатын физикалық зорлықтан да қиын. Сондықтан, әйелдер жәбірлеуші-күйеуінен құтылған әйел атағы, қоғам тарапынан болатын зорлықтың объектісі болудан гөрі отбасындағы қатыгездікке шыдауды артық санайды. Бұл жалғыз немесе ажырасқан мәртебесі бар әйелдер үшін жағымсыздық себептерінің бірі.

Зорлау, дене жарақаты және т.б. зорлық-зомбылық түрлері зорлық құрбандары болған әйелдердің денсаулығына зиян тигізеді. Атап айтқанда:

– түрлі ауырлықтағы дене жарақаттарын тудырады;

– арнайы құралды қолданбай жыныстық қатынасқа мәжбүрлеу (жыныстық жолмен берілетін ауруларға, жоспардан тыс жүктілікке және т.б. әкеп соғуы мүмкін);

– созылмалы ауруларды шиеленістіру;

– стресс;

– депрессия.

Жүкті әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық жағдайында бұл:

– ерте босанушылық;

– анемия;

– инфекциялар;

– өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттеріне әкеп соқтырады.

Медициналық проблемалармен қатар, әйелдер психологиялық проблемаларды бастан кешіреді. Зорлық-зомбылықтың кез келген түріне ұшыраған әйел көп жағдайда ситуацияларға келесі түрде жауап береді:

– әйел күйзеліске ұшырайды, өз басынан өткен жағдайдан ұялады;

– әйел адам басынан өткен жағдайға өзін кінәлайды немесе зорлық-зомбылықты қалай тоқтатуға болатынын білмедім деп санайды;

– әйел адам өзін еркектің мінез-құлқы үшін жауаптымын деп санайды.

Зорлық-зомбылықтың нәтижесі, әдетте, стресстік, қоғамнан өзін-өзі оқшаулау, өзін-өзі өлтіру әрекеттері, сонымен қатар, өзін төмен санау мен қорлау сезімі болып табылады.

Зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер жиі әлеуметтік өмірден ажыратылған болуы мүмкін. Атап айтқанда, бұл әйелдің уақытша еңбекке жарамсыздығы болуы мүмкін. Көбісі зорлық-зомбылықты бастан кешіргеннен кейін балалы болғысы келмейді, сонымен қатар, әйел некеге тұрғысы келмейді.

Әйелге қатысты зорлық-зомбылық тұтастай алғанда қоғамдағы жағдайды, яғни әлеуметтік көрсеткішті көрсетеді. Әйелдердің, әдетте, олардың заңды құқықтарын білмеуі және тиісінше, зорлық-зомбылықпен күресе алмауы негізгі әлеуметтік қайшылық болып табылады.

Зорлық-зомбылық мәселесіне қатысты зерттеу «ARASHA» дағдарыстық орталығындағы зорлық-зомбылық құрбандарымен жүргізілген мақсатты сұрау сауалнамада «Сіздің отбасыңызда зорлық-зомбылықтың пайда болуына қандай басты факторлар әсер етті?» деген сұрақ қойылған болатын. Респонденттердің жауабы бойынша, сұрау алынған әйелдердің 5-уі отбасындағы әлеуметтік-экономикалық жағдай, яғни қаржылық тұрғыдан жетіспеушілік кесірінен ұрыс басталып, соңы күйеуі тарапынан агрессияға алып келетінін айтса, 4-уі күйеуі тарапынан зорлық-зомбылықтың пайда болуына әсер еткен негізгі фактор ретінде алкогольді ішімдікті санады. Әңгімелесу барысында олар жұбайлары әр кеш сайын кем дегенде 1 литр пива ішетінін атап өтті. Ал, қалған 1-уі өз күйеуінің қызғанышқа бейімді екенін және жиі осы себепті жанжалдар жасайтынын айтса, 3-уі отбасында гендерлік стереотиптерге байланысты түсініспеушіліктер пайда болып, күйеуі әйелін өзіне «бағынышты» деп санайтынын атап өтті. Яғни, туғаннан қанға сіңген және қоғамның

әлеуметтік-мәдени, рухани, ұлттық дәстүрлерімен байланысы бар ер адам мен әйелдің рөлдерінің стереотиптері физикалық тұрғыда әлсіз адам «құрбан» ретінде қабылданады деп түсіну де өз әсерін тигізеді.

Қорытынды

Жалпы, қорытындылай келе, зорлық-зомбылықтың түрлерін, себептері мен салдарын зерттей келе, зорлық көрсетудің бірнеше түрі бары, ал оның ішінде отбасында ең кең таралғаны физикалық, психологиялық және моралдық зорлық-зомбылық екенін байқаймыз. Бұл жүргізілген 2 бөлек жағдайдағы зерттеуден қоғамдағы зорлық-зомбылық мәселесінің себептері белгілі бір жағдайға байланысты әр түрлі көрініс табатынын аңғарамыз. Бастысы, адам табиғатының күрделілігі, халықтың әлеуметтік өзара әрекеттесу сипаттамалары және әлеуметтік құрылым ретінде олардың отбасының ерекшеліктері, олардың әртүрлілігі, сондай-ақ адамның жеке қасиеттері және өзара араласқандағы ауытқулар зорлық-зомбылықты тудыруы мүмкін екендігіне назар аудару қажет. Осы жағдайлардың барлығы бірлікте қарастырылуы керек, себебі олар адамдарға және олардың әрекеттеріне үлкен әсерін тигізеді.

Және де зорлық көрсетудің салдары көптеген психологиялық ауытқушылықтар мен созылмалы ауруларды шиеленістіруге, стресстік жағдайларға, депрессияға және соңында өз-өзіне қол жұмсауға дейін апарады. Ал оның алдын алуда дағдарыстық орталықтар әйелдерді серіктестерінің тұрақты қысымынан қорғауға бағытталған шаралардың бірі болып табылады.

2017 жылы отбасылық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған барлығы 28 дағдарыс орталығы жұмыс істейді, олардың 17-інің баспанасы (приют) бар (әдетте, облыс орталықтарында орналасқан).

Аймақтарда мұндай орталықтарды ынталандыру және дамыту үшін әкімдерді бағалау критерийлерінің бірі ретінде бірқатар ашық орталықтар енгізу ұсынылады, себебі жергілікті атқарушы органдар бюджет қаражаты есебінен дағдарыс орталықтарының ашылуына және қолдау көрсетуге заңды.

Зорлық-зомбылық отбасының жеке мәселесі емес, бұл бүкіл қоғамның ағзасындағы әлеуметтік зиянды құбылыс. Жұмыссыздық, құқық бұзушылық және басқа да заңсыз әрекеттер отбасындағы қарым-қатынас дәрежесіне тікелей байланысты. Сондықтан мемлекет бұл мәселеге елеулі назар аударып, нақты қадамдар жасауы керек.

Әдебиеттер

- Берковиц Л. Агрессия. Причины, последствия и контроль [Текст] /Л. Берковиц. – СПб.: Прайм ЕВРОЗНАК, 2001. – 512 с.
- Горшкова И.Д., Шурыгина И.И. Насилие над женами в российских семьях. – М., 2003. – 76 с.
- Забелина Т.А. Женщина и насилие. /Т.А. Забелина – М.: ЭКСМО-Пресс, 2001. – 105 с.
- Лейченко Е.Ф. Происхождение государства: договорная теория и теория насилия. – Иркутск, 2005. – 21с.
- Морозова Е. Изнасилование и сексуальное насилие: законодательство, психология и социальные причины /Е. Морозова /[Электронный ресурс]. – Электр. дан. – Режим доступа: <http://2beyoung.ru/readme/> 2009 141.
- Николаева С.Б. Насилие над детьми в семье //Региональная Политика. Экономика – 1999. – №5. 79-83 с.
- Комитет по правовой статистике и специальным учетам ГП РК. Анализ статистических данных о состоянии правонарушений среди несовершеннолетних и в отношении них за 2016-2017 года. – Астана, 2017. – 18 с.
- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті. Қазақстанда әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты іріктемелі зерттеу / статистикалық жинақ /қазақ тілінде /Астана, 2016. – 37 б.
- Подойникова Л.П. Дети и насилие в семье: история и современность // Психология. – 2003. Вып. 2. – С. 14-17.
- Рубинштейн Н. Что такое насилие? / Рубинштейн Н. 2012 г. [Электронный ресурс]. – Электр.дан. – Режим доступа: <http://www.rubstein.ru/lib/nasilie.html>.
- Тату Ванханен. Этнические конфликты.
- Тарасевич Е.В. Последствия насилия над детьми (профилактика и лечение): методические рекомендации. – М.: Салвия, 2001. – 34 с.
- Технологии социальной работы с различными группами населения: учебное пособие / Под ред. проф. П.Д. Павленка. – М.: ИНФРА-М, 2009. – 272 б.
- Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарты /Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» ШЖҚ РМК, 2012. [Электрондық ресурс]. Электр.дер. Қол жеткізу режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214_#z0.
- Циммер Карл. Эксперт патологий человеческой природы/ Карл Циммер. [Электронный ресурс]. Электр.дан-Режимдос-тупа: http://www.nytimes.com/2011/11/29/science/human-natures-pathologist.html?pagewanted=1&_r=2&ref=science4.
- Конфликты. /Т.Ванханен – М., 2014. – 288 б.

Lenor Walker. Battered Women. – New York: Harper & Row, 1980 ed, – 288 p.

Vernon R. Wiehe. Understanding Family Violence: Treating and Preventing Partner, Child, Sibling and Elder Abuse, SAGE Publications, California: 1998. – 228p.

Walters W., Park A. Social motivation, dependency, and susceptibility to social influence. 1964. – Vol.1. – P. 231-276.

References

Berkovic L. (2001) Aggression. Prichiny, posledstvia i control [Aggression. Causes, consequences and control]. P. 512 (in. Russ)

Cimmer Karl. (2011) Ekspert patologii chelovecheskoi naturi [The expert of the pathologies of humannature] http://www.ny-times.com/science/human-natures-pathologist.html?pagewanted=1&_r=2&ref=science4.

Komitet po Praboboi statistike i specialnym ucheta GP RK. (2017) [statistical Analysis statistical data on the state of juvenile delinquency and against them for the 2016-2017 year]. P. 18

Leichenko E.F. (2005) Proishoschdenie gosudarstva: dogobornaia teoria I nasilia [The origin of the state: contract theory and the theory of violence]. P. 21 (in Irkutc)

Morozoba E. Iznasilovanie i seksualnoe nasilie: zakonodatelstvo, psihologia i socialnie prichini [Rape and sexual violence: legislation, psychology and social causes]. 2009. P. 141.

Nikolaeva S.B. Nasilie nad detmi b seme (1999) [Domestic violence against children]. Regional Polit. Pp. 79-83.

Podoinikoba L.P. (2003) Deti i nasilie b seme: istoria i sobremennost [Children and domestic violence: history and present]. Pp. 14-17.

Qazaqstan Respublikasy ultyq ekonomika ministrlygi Statistika comiteti. (2016)

[Sample study of violence against women in Kazakhstan]. P. 37

Rubinhtein N. chto takoe nasilie? [What is violence?] <http://www.rubstein.ru/lib/nasilie.html>.

[Technologies of social work with different population groups]. P. 272.

Rudneba M. Pablenok.P.D (2010) Tehnologii socialnoi raboti s razlichnimi gruppami naselenia [Technologies of social work with different population groups] pp. 264.

Turmistik zorlik-zombilik kurbandarina arnauili alemettik kizmetter korsetu standarty (2014) [Department of justice of South Kazakhstan region summed up the results of the 1st half of 2014] http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214_#z0.

Tatu Banhanen. (2014) Etnicheskie konflikti. [Ethnic conflict.]. Pp. 288.

Tarasebich E.B. (2001) [Consequences of child abuse (prevention and treatment)]. P. 34 c.

[Technologies of social work with society], 215 p. Pablenka P.D. (2009) Tehnologii socialnoi raboti s razlichnimi gruppami naselenia

Vernon R. Wiehe. Understanding Family Violence: Treating and Preventing Partner, Child, sibling and Elder Abuse, SAGE Publications, California: 1998, 228 p.

Walters W., Park A. (1964) Social motivation, dependency, and susceptibility to social influence. –Vol.1. – P. 231-276.

Zabelina T.A. (2001) Schenshina i nasilie. [Woman and violence]. P. 105.

¹С.М. Сыздықова, ²А.Т. Омарова

¹2-курс PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: sauleshka-sm@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9436-7994>

² PhD, доцент м.а., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: omarova.aseм@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ШЕТЕЛДЕГІ ОТБАСЫЛЫҚ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУДЕГІ МЕДИАЦИЯНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ КЕПІЛДІКТЕРІ

Аңдатпа. Авторлар мақалада әлеуметтану ғылымында әлі де жете зерттелмеген медиацияны, оның ішінде отбасылық дауларды реттеудегі медиацияның құрылымдық кепілдіктерін Қазақстан және шетелдік материалдар негізінде қарастырады. Мақалада ең алдымен, медиация теориясы мен құрылымы, сотқа дейінгі отбасылық медиаторлардың қызметі, екі тараптың арасындағы дауды реттеу технологияларына шолу жасайды.

Соңғы жылдары елімізде жиі қолданып жүрген медиация тәсілі сотқа дейінгі дауларды реттеп, шешуші қызметін атқарып келеді. Медиация – дамыған елдерде ерте қалыптасып, заңды түрде тиімді жұмыс істеуде. Әсіресе медиация ХХ ғасырдың екінші жартысында қарқынды дами бастады. Ең алдымен, медиацияны қолданудың алғашқы іс-әрекеттері отбасы қатынастары саласындағы дауларды реттеу кезінде тәжірибеге енгізілген болатын. Содан кейін, медиация отбасы дауларынан бастап, коммерциялық, көп жақты даулардың кең шеңберін шешіп, реттеу кезінде тиімді қолданылады.

Сонымен қатар мақалада Қазақстан Республикасы мен шетелдегі медиативті тәжірибеге талдау жасалып, оның өзекті мәселелеріне, даму тенденциясына да тоқталады. Қорыта келе, авторлар қазіргі кезде сотқа дейінгі медиацияның қазақстандық қоғамға аса қажеттілігі және түрлі дауларды реттеудегі маңыздылығы жайлы ақпараттың тым аздығы азаматтардың әлеуметтік, психологиялық, заңды сауаттылығына нұқсан келетіндігі жайлы да сөз етеді.

Түйін сөздер: медиация, отбасылық медиация, медиатор, дауды реттеу, екі тарап, Қазақстан Республикасы, шетелдегі медиация, құрылымдық кепілдік т.б.

¹S.M. Syzdykova, ²A.T. Omarova

¹2-course PhD student, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: sauleshka-sm@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9436-7994>

²PhD, associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: omarova.aseм@mail.ru

Structural guarantees of media in the settlement of family disputes in the republic of kazakhstan and abroad

Abstract. The authors of this article, based on Kazakhstani and foreign materials, examine little-studied problems of family mediation in sociological science, which is still underestimated, as well as family mediation in resolving family disputes. First of all, the article is devoted to the theory and structure of mediation, the activities of pre-trial family mediation and technology for the resolution of disputes between the two parties.

In recent years, in our country, the mediation method has become the most common and decisive in the settlement of pre-trial disputes. Mediation is timely and legally developed in Western countries. In general, mediation began to develop dynamically in the second half of the 20th century. First of all, the first step in the application of mediation was introduced into the practice of resolving disputes in the field of family relations. Then mediation is effectively applied on a wide range of issues, ranging from family disputes to commercial ones. The article also analyzes the mediation practice in the Republic of Kazakhstan and abroad, as well as current issues and trends in its development.

Finally, there is a low level of public awareness of the need for pre-trial mediation in Kazakhstan society and its importance for the resolution of various disputes, which, in turn, causes enormous damage to the social, psychological and legal literacy of citizens.

Key words: mediation, family mediation, mediator, dispute resolution, both parties, the Republic of Kazakhstan, mediation abroad, structural guarantee, etc.

¹С.М. Сыздыкова, ²А.Т. Омарова

¹PhD докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: sauleshka-sm@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9436-7994>

²и.о доцента, PhD, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: omarova.asem@mail.ru

Структурные гарантии медиации в урегулировании семейных споров в Республике Казахстан и за рубежом

Аннотация. Авторы в данной статье на основе казахстанских и зарубежных материалов рассматривают малоизученные проблемы по семейной медиации в социологической науке, которая до сих пор недооценивается, а также семейного посредничества при разрешении семейных споров. В первую очередь статья посвящена теории и структуре медиации, деятельности досудебной семейной медиации и технологии разрешения споров между двумя сторонами.

В последние годы в нашей стране метод медиации стал наиболее распространенным и решающим в деле урегулирования досудебных споров. Медиация является своевременным и юридически развитым в западных странах. В целом, медиация стала динамично развиваться во второй половине 20-го века. Прежде всего, первый шаг в применении медиации был внедрен в практику урегулирования споров в сфере семейных отношений. Затем медиация эффективно применяется по широкому кругу вопросов, начиная от семейных споров и заканчивая коммерческими. В статье также анализируется медиативная практика в Республике Казахстан и за рубежом, а также актуальные вопросы и тенденции ее развития.

Наконец, отмечается низкий уровень информированности населения о необходимости досудебной медиации в казахстанском обществе и ее важности для разрешения различных споров, которая, в свою очередь, наносит огромный урон социальной, психологической и правовой грамотности граждан.

Ключевые слова: медиация, семейная медиация, медиатор, разрешение споров, обе стороны, Республика Казахстан, медиация за рубежом, структурная гарантия и т.д.

Кіріспе

Бүгінде медиация шаралары АҚШ, Аргентина, Ұлыбритания, Германия, Австрия т.б. элементінің алпауыт елдерінде жақсы жолға қойылған. Ең алдымен, медиацияны қолданудың алғашқы іс-әрекеттері отбасы қатынастары саласындағы дауларды реттеу кезінде тәжірибеге енгізілген болатын. Содан кейін, медиация отбасы дауларынан бастап, коммерциялық, көп жақты даулардың кең шеңберін шешіп, реттеу кезінде тиімді қолданылатын болды.

Әлемдік тәжірибеде медиацияны заңнамалық бекітудің мысалдары өте көп. Тиісті медиацияға қатысты актілер АҚШ-та, Австрияда, Германияда қабылданған. Еуропа комиссиясы Медиатордың кодексін бекітті, ал Еуропалық Одақ медиаторлардың қызметін реттейтін бірқатар директивалар шығарды. БҰҰ-ның халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясы (ІМСІТ-РАІ) медиация туралы заңның үлгісін әзірледі. Мәселен, АҚШ-та экономика, саясат, бизнес саласында медиаторсыз бірде-бір маңызды келіссөз жүргізілмейді.

Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, Ұлыбританияда медиация әдісі өте кең тараған. Тіпті, медиаторға байланыс желісі арқылы кез келген жерден қоңырау соғып, дауды сипаттап, өздері-

нің талаптарын ашық білдіре алады. Ал Германияда медиаторлар тікелей соттардың жанында қызмет етеді. Қазіргі кезде Германияда медиация азаматтық істерді ғана емес, әкімшілік істер бойынша да жұмыс істейді. Австрия – медиаторларды дайындауды және дайындықтың белгіленген нормативтерін реттейтін медиация туралы федералдық заң қабылдаған жалғыз мемлекет. Қытайда даулардың шамамен 30 пайызы соттан тыс медиациямен реттеледі. Венгрия мен Кореяда тараптар медиация шеңберінде келісімге келіп, оны аралық соттардың (төрешіліктің) қарауы үшін заңда қарастырылған тәртіпте бекітуге құқылы. Мұндай шешім (төрешілік) күшіне ие болса, тиісті тәртіппен орындауға жатады (Әділбайұлы, 2014). Батыс елдерінің көпшілігінде тұрақты түрде медиация курстары, тренинг-семинарлар, тіпті медиацияның арнайы бағдарламалары әлеуметтік желілер арқылы азаматтарға қолжетімді онлайн курстарын оқытып, медиация техникаларын үйретеді.

Негізгі бөлім

Медиация отбасылық дауларға ерекше мән береді, себебі, отбасылық құқықтың ерекше сипаты бар. Отбасылық мәселелер тек қана заңдар мен фактілерді ғана емес, сезімдерді де қамтиды. Ерлі-зайыптылардан және некеден тыс

туылған балалар санының ұлғаюы мемлекетке отбасылық дауларды, сондай-ақ қаржылық мәселелерді шешу үшін сот процестерінен басқа да әдістер іздеуге себеп болды. Соның негізінде медиация пайда болды.

Осыған орай, ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз үшін сот төрелігін жүзеге асыру процесін оңайлату, оны басы артық бюрократиялық рәсімдерден арылту керек. Жаңа ақпараттық технологияларды белсенді енгізген жағдайда мұны істеу қиын емес. Сонымен бір мезгілде, соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастырған жөн. Жеңілдету мәселелері бойынша дауларды шешу соттардан тыс тәртіппен жүргізілетіндей тетіктер қарастыру қажет», – деп атап көрсеткен болатын (Назарбаев, 2012:2-3). Демек, елімізде Медиация туралы заңның пайдалы жақтарын жүзеге асыру қажеттілігі туындап, қазіргі кезде медиация ұйымдары көптеп жұмыс істейді. Себебі, сот төрелігін баламалы негізде азаматтардың өзін қатыстыра отырып медиативті жүргізу – шынайылық пен әділдіктің, еркіндік пен демократиялық қоғамның тиімді тәсілі.

Сонымен бірге, «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында да ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Үкіметке медиация институтын дамытуға бағытталған заңға бағынышты құқықтық база қабылдануын қамтамасыз етуді тапсырды, сондай-ақ, ол медиация құрылымдарын ұлттық және жеке компанияларда құру керектігін атап көрсетті (Назарбаев, 2012:1-2). Шынында, қазір елімізде медиацияның қызметтері қарқынды дамып келеді. Азаматтардың медиативті сауаттылығын арттыру және қоғамдағы дауды сотқа дейін жеткізбей, екі жаққа да әділ болуы үшін халыққа қызмет көрсету орталықтарында, облыстық, қалалық, аудандық сот орындарында, әкімдіктерде, тіпті жеке компанияларда медиаторлар түрлі даулы мәселелерді реттеп, шешумен айналысуда.

Медиация – бұл медиатор ұйымдастырушы болып табылатын және келіссөздерді тараптар барынша тиімді және шынайы және екі тараптың мүдделерін қанағаттандыратын келісімге келетіндей етіп басқаратын келіссөздер процесі (Аллахвердова, 2005:7). Қазіргі кезде медиация сот талқылауына дейін немесе заң жобасында көзделген жағдайларда немесе сот процесі шең-

берінде тараптар арасындағы дауды шешуге көмектеседі.

Медиатордың рөлі – қалыптасқан тараптар арасындағы диалогты жеңілдету. Мақсат тараптардың мүдделерін анықтау, тараптар арасындағы коммуникацияны өзгерту және өткенінен болашаққа назар аудару болып табылады. Медиатор тек екі тараптың дауын өзі үшін барынша тиімді шешуге мүдделі. Медиатордың шешім шығаруға немесе тараптарды бейбіт келісім қабылдауға мәжбүрлеуге құқығы жоқ. Медиатордың рөлі оларды жеңу стратегияларын әзірлеу және реттеу жолындағы кедергілерді анықтау жолымен олардың келіссөздерінде көмек көрсету болып табылады (Горшкова, 2009:86-90).

Жалпы, медиациядағы келісімнің анықтамасына тоқталсақ, 2-баптың 1-тармағында: «дауды (дау-шарды) реттеу туралы келісім – тараптардың медиация нәтижесінде өздері қол жеткізген жазбаша келісімі», – деп айқын көрсеткен. (Медиация туралы Қазақстан Республикасының Заңы, 2011:2). Бұл дауды реттеу келісімі азаматтардың сот төрелігіне деген қолжетімділігін арттыру, дауларды соттан тыс реттеу мүмкіндіктерін қарастырған десек қателеспейміз.

Медиация – бұл отбасылық дауларда аса қажет, себебі ол тараптарға нақты қажеттіліктеріне жауап беретін келісімдерді жасауға мүмкіндік береді. Адвокаттық процеске қарағанда, медиация кімнің дұрыс немесе дұрыс емес екендігін анықтауға емес, жұмыс істеп тұрған шешімді реттеуге бағытталған. Ерлі-зайыптылар арасындағы даулардың медиациясы соттық шығындарды көбейтуге, соттық тәртіпте отбасылық мәселелерді шешудің дәстүрлі тәсілімен қанағаттанбаудан туындаған қалыптасулардың ұлғаюына жол бермейді. Медиация процесі тараптарды бірге жұмыс істеуге, мәселелерді оқшаулауға және ынтымақтастық жолын үйренуге шақырады. Медиация тараптар ұзақ мерзімді сақталатын, тұрақты келісімдер жасайды. Бұдан басқа, медиация барысында тараптар келісімге келмеген жағдайда да, зерттеулер медиация барысында талқыландырылған мәселелердің нәтижесінде сот талқылауына дейін отбасылық істердің жиі шешілетінін байқаған.

Сонымен, қоғамға қажет медиация заңына 2011 жылдың 29 қаңтарында қол қойылғаны бәрімізге мәлім. Бұл жаңа құқықтық институт еліміздің аумағында ғана емес, халықаралық деңгейде де кеңінен қолдау тапты. Мысалы, 2012 жылдың 26 наурызында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты «Қазақстан Респуб-

ликасында медиация институтын енгізу» жобасы аясында Біріккен Ұлттар Ұйымының 2012-2014 жылдарға арналған даму бағдарламасы жөнінде келісімге қол қойды (Мәми:2014). Қазақстанда осы келісімдерден кейін жыл сайын Германия, Словения, Швейцария, Беларусь және Еуроодақ елдері сарапшыларының қатысуымен халықаралық конференциялар мен ақпараттық семинар-тренингтер мен дөңгелек үстелдер, өзге де іс-шаралар жиі өткізіліп тұрады.

Бүгінде еліміздің әлемдегі ең дамыған елдер қатарына кіру бағдарламасы, белсенді интеграциялық процестер сот өндірісінің уақыттың сын-қатерлеріне теңбе-тең болуын талап етуде. Бұл ретте азаматтық сот ісін жүргізудің жаңа моделі тараптар мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз ететін прагматикалық тәсілдерге негізделген. Әлем елдерінде дауларды баламалы түрде шешу рәсімдерінің белсенді қолданылғаны бізге де үлгі, әрі оның тиімді тұстарын алғанымыз жөн. Елімізде отбасылық медиация институтын одан әрі дамытуға мүмкіндік береді. Осы орайда, тұтынушылардың құқықтарын, зияткерлік меншікті, еңбек және құқықтық даулардың басқа да санаттарын қорғау туралы дауларды шешу саласында баламалы перспективалар бар екенін азаматтар білу керек.

Медиация – жалпы әмбебап институт. Мәселен, шетелде трансформативті медиацияға ХХ ғасырдың 80-90 жылдарынан бастап көңіл бөле бастады. Америкалық медиаторлар Джозеф Фолджер мен Роберт Буштың «The Promise of Mediation: Transformative Approach to Conflict» (қазақ тілінде – «Медиациялық уәде: Конфликтіге трансформативті көзқарас») атты еңбектері бірден дауларды реттеу саласындағы медиаторлар арасында тез танылды (Robert A. Baruch Bush, Joseph P.Folger, 2004:5-10). Медиация тәжірибесіне арналған еңбектерден айырмашылығы – медиативтік тәжірибе негізінде жатқан құндылықтар мен идеология ашық талқыланған, оның теориялық алғышарттары оқырманға айқын, толық түсіндірілген. Демек, көріп отырғанымыздай, авторлардың ең радикалды тиімді әрекеті – медиацияны нақты бір мәселе бойынша дауларды реттеу, оны шешу тәсілі деп санаған кезде медиацияны утилитарлы түсінуден бас тартуында. Олардың айтуынша, медиация барлық үрдістерде утилитарлы, пайдалы болғаны жөн.

Сот арқылы қаржыландырылатын медиация АҚШ-та және шет елдерде, соның ішінде Канада мен Англияда кең тараған. Кейбір мемлекеттерде даудың тек 2%-ы тек сот шешімімен шешіледі.

Медиацияға көптеген жағдайлар жіберіледі, ал медиация конференциясында 70%-ы шешіледі. Қалған 30%-ы сот процесіне қатысады, көбінесе медиация барысында басталған процесс нәтижелі аяқталады (Allison Gerencser, 1995:43-69). Байқағанымыздай, шетелде медиацияны қоғамда қалыптастыру маңызды істің бірі, демек, азаматтар дау-жанжалдарын оңай реттеп, шешу жолдарын арнайы медиациялық орталықтардан табады.

Мәселен, Швецияда жәбірленушілер мен құқық бұзушылар арасындағы медиация 1980 жылдардың аяғында дами бастады. 1997 жылы қылмыстың алдын алу жөніндегі ұлттық кеңес (Brottsförbyggande rådet, BRÅ), Швед муниципалитеттеріндегі кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен қылмыстық істерде медиацияға қатысты эксперименттік жобаларды жүзеге асыруды бастау үшін үкіметтік миссияны алды.

Шведтік медиацияның ең көп тараған моделі – процессуалды-іс жүргізуге бағытталған. Олар 1996 жылдан бастап Джозеф Фолджер және Роберт Бушпен біріккен медиацияның трансформативті моделін пайдаланады. Мұндағы іс жүргізуге бағытталған медиацияның ерекшелігі – қылмыс оқиғасын басынан бастап, аяғына дейін жеткізетін процесс ретінде қарастырылады. Медиатордың көпшілігі кәсіби (70%) және кәсіби емес медиаторлар (17%), ал қалғандары лауазымды тұлғалар, оның ішінде кәсіби емес медиаторлар бар (Anna Nylund, Kaijus Ervasti and Lin Adrian, 2018:67-70). Міне, осындай үкімет қолдаған пилоттық жобалар жақсы нәтижелер көрсеткен. Қазақстанда да бүгінде нормативтік-құқықтық базаларға сүйене отырып, бірнеше мемлекеттік ұйымдар, ҰЕҰ азаматтарға түрлі даулар мен жанжалдарды сотқа апармай медиациялық жолмен реттеп, шешуде.

Бүгінде отбасы медиациясының ең өзекті мәселесі – ерлі-зайыптылардың ажырасуы, оның салдары өсіріп отырған балаларға да үлкен соққы. Мәселен, мына дерекке назар аударсақ, Холмс және Рахе шкаласына сәйкес «ТОП-10 ең күйзелістік өмірлік оқиғалар» отбасылық даулар (атап айтқанда ажырасу) адам өміріндегі «ең күйзелістік өмірлік оқиғалар» рейтингінде екінші орында екен. Ажырасу мен мүлкті бөлуге байланысты отбасылық даулар басқа күйзелістерден алдыңғы қатарда (Медиация в семейных спорах: путь к примирению и пониманию, 2019). Шынында да, «отбасылық даулар» әрдайым өте эмоционалды, ал мұндай даулардың себептері көбінесе жасырын, құпия болады. Бұнда медиацияның дауды қараудағы сот тәртібінен

айырмашылығы, екі тарапқа барынша көмектесіп, күйзелісті азайтуға өзіндік үлес қосуы.

Шетелде көбінесе отбасы медиациясымен бірге ажырасу медиациясы бірге жүреді. Дегенмен, отбасы және ажырасу медиациясы отбасы мүшелерінің қажеттілігін толық өтей алмауы мүмкін, ондай жағдайда азаматтар тәуелсіз заңгерлік кеңеске немесе психологиялық терапияға сүйенеді. Осыған орай, АҚШ-та «модельді отбасылық медиация стандарттары» жұмыс істейді. Негізгі міндеттері: психикалық денсаулықты емдеу, кеңес беру немесе заңды өкілдіктен басқа, отбасылық дауды шешу процесі. Мұнда медиатор ұзақ мерзімді мінез-құлықты өзгертуге емес, дауды шешуге бағытталған екі тараптың арасындағы келіссөздерді жеңілдетуге тырысады. Медиатор заңгер болса да, медиаторды екі тарапқа ешкім ұсынбайды немесе ол заңгерлік кеңес бермейді. Екі тарап өздері таңдайды. Модельдік стандарттар отбасылық медиаторларға кәсіби біліктілік емес, функционалдық тұрғыдан біліктілікті анықтайды. Біліктілік отбасылық келіспеушіліктердің заңдық, психикалық денсаулығына, дауларды шешуге және мәдени өлшемдерге ие екендігінен басталады және медиатор олардың барлығымен таныс болуы керек. Сонымен, үлгі стандарттарда медиатордың төрт негізгі қасиеті бар: 1) отбасылық құқық туралы білім; 2) отбасылық қақтығыстардың ата-анаға, балаларға және басқа тұлғаларға әсерін білу және оқыту, соның ішінде балаларды дамыту туралы білім, отбасындағы зорлық-зомбылық, балалардың қатыгездігі мен қараусыздығы; 3) медиация процесіне тән оқыту; 4) мәдениет пен алуан түрліліктің әсерін тану қабілеті. (Andrew Shepard, 2001a:7-15). Демек, модельдік отбасылық медиация стандарттары бойынша медиаторлар ата-аналарға балалардың ең жақсы мүмкіндіктерін алға жылжыту үшін медиацияны тиімді пайдалануға көмектесетін нақты ұсыныстарды береді. Алайда, олар некені ажыратудан немесе баланы бөлек тәрбиелеудің жоспарларын (мысалы, бірлескен қамқорлық, жалғыз қамқорлық немесе кейбір өзгерістер) оңаша шешпейді. Бұл шешімді медиатордың және олардың кеңесшілерінің көмегімен жасайды. Осылайша, модельдік отбасылық медиация стандарттарына сәйкес, медиатор ата-анаға балалардың болашағын дамыту және пайдалы ортақ ресурстары туралы ақпаратты бірге іздеуге шақырады.

Дәстүр бойынша, медиация – ерікті процесс. 1981 жылдан бастап, АҚШ-тың Калифорния штаты міндетті медиацияны талап еткен

ең алғашқы мемлекеттің бірі. Мұнда да, медиацияда бейтарап үшінші тұлға, яғни медиатор дауларды шешуді қолдап, жеңілдетеді. Медиатор тараптардың атынан шешім қабылдауға өкілеттігі жоқ. Медиация тараптарға жанжалды шешу процесінде жауапкершілікті сезіндіріп, шешім қабылдауға көмектеседі. Оның мақсаттары: сот ресурстарын төмендету, сот ресурстарына сұраныстың төмендеуі, істің шешілу қарқынын жеделдету, қақтығыстарды шешу құнын төмендету, сотталушылардың сот жүйесімен қанағаттануын арттыру және даулы тараптар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту.

Мәселен, біз мұны «World Justice Project» халықаралық үкіметтік емес ұйымы ұсынған 2017 жылғы Заңның үстемдік құру индексінен көруімізге болады. Бұл рейтингіде әлемдік сот төрелігінің маңыздылығы сұралған. Сандық тәсіл шеңберіндегі әлемдік сот төрелігіндегі сауалнама «face-to-face» тәсілімен аймақтың ірі қалалары Нұрсұлтан, Алматы, Шымкентте 1000 респондентке жүргізген. Рейтинг әлемнің 101 мемлекеті мен аумақтарын – билік институттары өкілеттігін шектеу, әділеттілік, тәртіп және қауіпсіздік, негізгі құқықтарды қорғау, билік институттарының ашықтығы, заңдардың сақталуы, азаматтық сот төрелігі, қылмыстық сот төрелігі тәрізді көрсеткіштермен бағалаған. Рейтингте қазақстандықтардың 40%-ы қиындықтарды бастан кешіретіні, оның ішінде, денсаулыққа қатысты, яғни, 23%-ы физикалық немесе күйзеліске байланысты ауруды бастан кешірсе, психикалық белсенді заттарды теріс пайдалану 6% (алкоголь немесе есірткі) мәселелері туындаған. Сонымен қатар, экономикалық, оның ішінде 22%-ы табыс, жұмыспен қамту немесе көшіп-қону қажеттілігін бастан кешірген, ал тұлғааралық қатынастар – 13%, оған қарым-қатынастардың бұзылуы немесе отбасылық қарым-қатынастардың құлдырауын айтқан (World Justice Project, Washington, 2017:57-71). Қарап отырсақ, алдыңғы жылдарда өткен рейтингтерден көрсеткіші әлдеқайда жоғары. Азаматтардың медиацияға тартылуы, түрлі жағдай болғанда, өздерінің бірінші көмекті құқық қорғау органдарынан, адвокаттар мен заң саласындағы мамандардан, соттан төрелік іздеп келетіндіктері көңіл қуантарлықтай. Сондай-ақ, респонденттердің 4%-ы діни немесе қоғам қайраткерлерінен, 3%-ы және қайырымдылық ұйымдарынан көмек сұрайтынын айтқан.

Отбасылық медиациядан кеңесті мемлекеттік және жеке компаниялар арқылы мамандардан алуға болады. Бірнеше мемлекеттерде отбасы-

лық медиацияны немесе мұқтаждықты көздейтін заңдар қабылданды, сонымен қатар, кейбір мемлекеттік соттар заңдық нұсқауларсыз сот тәртібімен медиацияны енгізді. Көптеген елде отбасылық қарым-қатынастар үшін сотқа негізделген медиация бағдарламасының қандай да бір түрі бар, мұнда мемлекеттік бағдарламалар қорғаншылық пен балаларды қолдау, алимент пен мүлік бөлу сияқты басқа да қаржылық мәселелерді шешуге арналған.

Кейбір тәжірибелі отбасылық заңгерлер мен медиаторлар адвокаттың отбасылық қарым-қатынасты жақсарту мақсатында дауласушы тарапқа медиацияны таңдау туралы хабардар етудің өзіндік этикалық міндеттемелері бар, егер мұны істемесе, бұл заңсыздыққа әкелуі мүмкін. АҚШ-тағы 150-ден астам заң фирмалары өз клиенттеріне медиация арқылы дауды реттейтін мәлімдемемен келіскен. Осыдан-ақ, медиацияның қаншалықты маңызды екенін байқауымызға болады.

Дегенмен, медиацияны талап ететін барлық мемлекеттер отбасындағы зорлық-зомбылық жағдайында медиациядан босатылмайды. Медиация сыншылары медиацияны тараптардың келісімшарттық күші салыстырмалы түрде тең болған кезде ғана қажет деп санайды. Бұл фактіні мойындай отырып, кейбір мемлекеттер медиация жайлы «істің мән-жайына сәйкес келмегенде немесе екі тарап медиацияға жақсы себеп болған кезде босатуды қамтамасыз етті» дейді. Алайда, мемлекеттік заң шығарушы органдар әртүрлі босату туралы ережелерде қатысушылардың субъективті пікірін береді. Құқық бұзушылық процесті қиындататын немесе талаптарға сай келетін деңгейге жеткеніне қарамастан, медиацияның маңыздылығы икемділік пен еркіндікте.

АҚШ-тағы екі штаттың заң шығарушы органдары медиацияны талап ететін барлық мемлекеттер қарайтын ескертулерді енгізді. Мәселен, Нью-Хэмпшир штатында болжамды жәбірленушінің медиацияны талап етуі өз еркінде десе, Нью-Мексикода, егер тек үйдегі зорлық-зомбылық туралы куәліктер бар болса, сот медиацияны тоқтатуды талап етеді: 1) медиатордың теріс пайдаланушылыққа қатысты маңызды дәлелдер болса; 2) тарап билікпен теңгерімсіз келіссөз жүргізе алады; 3) медиация процесінде биліктің тепе-теңсіздігінен қорғау үшін тиісті ережелер бар. (Andrew Shepard, 2001б:20-25). Олай болса, отбасылық медиациядан заңды түрде босатуды қамтамасыз ете отырып, заңгерлер толық басшылық қағидаттарын құруы керек. Бұл нұсқаулықтар қатысушылардан еркіндікті жүзеге

асыруда, сондай-ақ скринингтік кепілдіктерді енгізу әдістерімен де байланысты болмақ. Сондықтан тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсы көптеген скринингтік рәсімдерді енгізу қажет. Заң шығарушылар медиацияны тараптан босату мақсатында тұрмыстық зорлық-зомбылықты және теріс пайдаланушылықты анықтау процесінде қиындықтарға тап болады. Ең дұрысы, заң шығарушылар тұрмыстық зорлық-зомбылықты айқындайтын скринингтік құралдарды жүзеге асыруы керек.

Сонымен, медиация процесін құрастыруда медиатордың әртүрлі құрылымдық кепілдіктері бар. Олар төмендегідей: 1. Медиатордың еріктілік қағидаты. Бұнда мәжбүрлеу, қысым көрсету немесе немқұрайлы қараудан гөрі, еркіндікті бағалау. 2. Оның шеберлігі мен адалдығы. Медиатор талқылаулар және шешімдер қабылдауда, биліктің теңгерімсіздігіне және келіссөздер жүргізуде екі жақтың белсенді әрі еркін қатысуын қамтамасыз ету үшін этикалық жауапкершілікке ие. 3. Отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы скрининг. Солтүстік Америкада, Ұлыбританияда және Австралиядағы ең жақсы тәжірибе, алдынала медиация скринингін, әсіресе, отбасындағы зорлық-зомбылық болған жағдайда медиацияның негізгі мақсаты, ақпараттық және бағалау қызметтерін атқарады. 4. Медиация бойынша шолу және тәуелсіз құқықтық шолу. Екеуі де нәтиже көрсетуге және әділетсіздікті тексеруге мүмкіндік береді. 5. Кәсіптік даярлау және реттеу. Тренинг медиатордың өздерінің рөлін асып түсіруге немесе әрекетсіздігіне (мысалы, тараптардың қолайсыз қысымды немесе манипуляциялау кезінде), дискриминацияға қарсы практикаға және мәдениеттің дауларға әсерін тигізуіне байланысты өз әлеуетін қарастыру керек. Кәсіби тәжірибе стандарттарының сақталуын және қадағалануын қамтамасыз ету үшін қатаң сапаны қамтамасыз ету рәсімдері қажет. 6. Тараптар ерікті түрде алмасу, келіссөздер жүргізу және шешім қабылдау арқылы өз дауын шешуге тырысады. Аралас келіссөздер, кем дегенде, ең төменгі деңгейді талап етеді, алайда кросс-мәдениетаралық медиация процестері олардың ұйымдастырылуы мен нақты дәрежесінен көрінеді.

Сондай-ақ, медиация процесінің әрбір сатысы *төрт кезеңмен* жүзеге асырылады. Олар төмендегідей:

Бірінші кезең: медиациялық алаңды орнату; Сессияның басталуы екі жақтың қатысуымен бірлескен отырыс (жағдайларды, дауды және тараптарды алдын ала медиацияға тарту).

Бұған үш себеп бар: біріншіден, медиатор екі жақпен де басынан бастап бір-бірімен қарым-қатынас орнатады. Екіншіден, егер медиатордың басты мақсаты тараптармен келіссөздер мен шешімдер қабылдауда өзі жол бастауы керек: тікелей байланыс болмаса, тікелей байланысқа шығады. Үшіншіден, бірлескен отырыс кездесудің мақсатын түсіндіруге, нәтижеге жету үшін қолданылатын құрылымдық келісімдерге, жұмыс істейтін принциптерге (еріктілікке, құпиялылыққа және т.б.) және негізгі ережелерге сүйенеді.

Екінші кезең: мәселелерді айқындау және түсіндіру; Бұл отырыстың екінші кезеңінде әр тарап медиатормен бөлек, жеке сұхбат жүргізеді. Негізгі мақсаты – әрбір тарап медиаторға дауды реттеудегі мақсаттары мен ұсыныстарын жеткізеді, онаша уақыт аяқталғаннан кейін, медиатор кері байланыс пікірінде тағы да айтылмаған ойларын сұрайды. Медиатор медиацияның талаптарына қайшы келмеуі керек.

Үшінші кезең: мәселелерді зерттеу; Зерттеу кезінде бірлескен кездесу ұйымдастырылады. Мұнда медиатор тараптардың мәселелерін, мақсаттары мен сезімдерін қысқаша баяндайды. Медиатор екі жаққа да әрқайсысының айтқан мәселелерінің негізгі аспектілерін қорытындылайды. Сонымен қатар, медиаторға екі тарап келіспеушілік таныта алады. Медиатор келіспеушіліктердің ықтималдығын мойындайды, сол арқылы өз пікірін тыныш және қауіпсіз ортада және тиісті кезеңде заңдастырады.

Төртінші кезең: келісімді қамтамасыз ету. Медиация процесін келіссөздерден және психологиялық тұрғыдан барынша тиімділікпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл процесің бастамасы, ол біртіндеп тараптар арасындағы тәртіпті және үйлестіруді қалыптастырады (Roberts, Marjan, 2015: 718-726) Бірақ, егер тараптар өздері келіссөз жүргізе алмаса құрылымдық өзгерістердің бәрі бекер. Сондықтан медиацияға жүгінсе, біріншіден, қарапайым екі жақты үдеріс үшінші тарапты біріктіреді. Екіншіден, бұл үшінші тараптың қатысуы, демек, медиатордың қатысуы кездесулердің негізі болмақ. Әрі қарай даулар келісімді түрде медиациялық жолмен реттеле береді.

Қорытынды

Қорыта келгенде, Қазақстандағы медиация институтын дамытуда шетелдік озық тәжірибелер кеңінен пайдаланылады, алайда өзіміздің ұлттық кодымызды, ерекшелігімізді естен

шығармауымыз қажет. Жоғарыда біз, отбасылық медиацияның құрылымдық кепілдіктерін талдадық, енді отбасы медиациясының негізгі ерекшеліктеріне тоқталайық:

- келіссөздер бөгде адам – «медиатордың» көмегімен өтеді;
- екі тарап бір-бірінің қатысуымен қауіпсіз және жайлы сезінеді;
- тараптарға өз өмірі үшін жауапкершілік алуға және өзіне және балаларға жақсы болу үшін болашаққа жоспар жасауға мүмкіндік береді;
- тараптар арасындағы қарым-қатынасты жақсартады;
- келіссөздер жүргізудің қатаң тактикасын болдырмайды;
- тараптарға пікір және ақпарат алмасуға көмектеседі;
- тараптар арасындағы дау мен дұшпандықты азайтуға көмектеседі;
- ынтымақтастық пен сенімділікті көтермелейді;
- тараптарға некені тоқтатуға байланысты өз сезімдерін білдіруге мүмкіндік береді;
- тараптар нәтижелерді көбірек бақылай алады;
- «thinking outside the box» (аумақтан тыс ойлау) принципі – құқық қорғау құралдарының шегінен шығуы мүмкін шешімдер нұсқаларының әлеуетін арттыруға;
- отбасылық қатынастарды сақтау;
- қарым-қатынасты тоқтатуда күйзелістен гөрі, достық қатынастың қалуына көңіл бөледі;
- өзара тиімді шешім екі тарапқа да жеңімпаз болуға және бір-бірін құрметтеуге мүмкіндік береді;
- тараптар арасында ажырасудан кейінгі қатынастарын жақсартуы мүмкін;
- ажырасуды бастан кешірген отбасыларға рөлдердің өзгертуге, күйзелісті жеңуге және эмоциялық тепе-теңдікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Егер отбасында балалар болған жағдайда медиация мынадай қызметтерді атқарады:

- медиация балаларға басты назар аударады және балалар үшін барлық амалды жасайды;
- балалар үшін ажырасудың зиянды салдарын барынша азайтады;
- медиация көмегімен қол жеткізілген келісімдер балалардың жеке қажеттіліктерін сот шешімдеріне қарағанда толығырақ ескереді;
- балалар үшін келіссөз қолайлы немесе дауды реттеу үшін пайдалы болғанда тартылуы мүмкін;

– балалар өмірін болашақта өзгерту үшін кооперативтік модель қалыптастыруға көмектеседі;
– ажырасқаннан кейін балаларды тәрбиелеудің сенімді негізін орнатады.

Жалпы, медиацияның құрылымдық кепілдіктері айтарлықтай, жоғарыда атап өттік, алайда маңыздысы келіссөз екенін білдік. Ең бастысы, медиатор қай ортада болмасын өзінің медиатив-

ті шараларына, кепілдіктеріне жауап бере алады, өзінің білімімен медиация үрдісін тиімді, икемді және шығармашылық түрде ұйымдастыра алады. Отбасылық медиация әрқашанда әділетті де еркін, келісімді түрде тараптар үшін (балаларды қосқанда) өзара тиімді шешімдерге қол жеткізуге тырысады. Демек, отбасылық дауларды келіссөздер арқылы реттеуге белсенді әрекет етеді.

Әдебиеттер

Әділбайұлы Ж. Медиация институты Қазақстан Республикасының сот жүйесіндегі жаңа саты. – 03 сәуір, 2014 ж. <http://turkistan.prokuror.gov.kz/rus/node/19683>

Аллахвердова О.В., Карпенко А.Д. Методическое пособие для посредников-медиаторов. – СПб., 2005. – С.7.

Allison Gerencser, Family Mediation: Screening for Domestic Abuse, //Florida State University Law Review. – 1995. Vol. 23, no 1. – P. 43-69.

Andrew Schepard, An Introduction to the Model Standards of Practice for Family and Divorce Mediation. // Family Law Quarterly, – 2001, Vol. 35, no 1. – P. 7-15.

Andrew Schepard, An Introduction to the Model Standards of Practice for Family and Divorce Mediation. // Family Law Quarterly, -2001, Vol.35, no 1. – P. 20-25.

Anna Nylund, Kaijus Ervasti and Lin Adrian. Nordic Mediation Research. – Cham, Switzerland.: Springer, 2018. – 268 p.

Горшкова В.В. Диалог в образовании человека. – СПб.: СПбГУП, 2009. – 192 с.

Мәми Қ. Елбасы бастамалары – сот реформасының қайнар көзі, 2014 жылғы 18 маусым. https://www.inform.kz/kz/k-mami-elbasy-bastamalary-sot-reformasynyn-kaynar-kozi_a2669736.

Медиация в семейных спорах: путь к примирению и пониманию., 05.02.2019 г. – <http://www.s-quo.com/content/articles/338/7282/>.

Медиация туралы Қазақстан Республикасының 2011жылғы 28 қаңтардағы №401-IV Заңы // Егемен Қазақстан газеті, 2011 жыл 8 ақпан. – 2 б.

Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан газеті, 2012 жыл, 14 желтоқсан. – 2-3 б.

Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан газеті, 2012 жыл 10 шілде. – 1-2 бб.

Robert A. Baruch Bush, Joseph P.Folger. The Promise of Mediation: Transformative Approach to Conflict. – San Francisco: Jossey-Bass, 2004 – 288 p.

Roberts, Marian. Hearing both sides: structural safeguards for protecting fairness in family mediation // Family Law, 2015 -Vol.45, no 6. – P. 718-726.

World Justice Project, Global Insights on Access to Justice. Findings from the World Justice Project General Population Poll in 101 Countries. – Washington, 2017. – 123 p.

References

Adilbayuly Zh. (2014) Mediasia instituty Qazaqstan Respublikasynyń sot júesindegi jańa saty [Institute of mediation a new stage in the judicial system of the Republic of Kazakhstan] <http://turkistan.prokuror.gov.kz/rus/node/19683> (in Kaz)

Allakhverdova O.V., Karpenko A.D. (2005) Metodicheskoye posobiye dlya posrednikov-mediatorov. [Toolkit for mediators] – P.7.

Allison Gerencser (1995), Family Mediation: Screening for Domestic Abuse, Florida State University Law Review, Vol.23, no 1. – P. 43-69.

Andrew Schepard (2001), An Introduction to the Model Standards of Practice for Family and Divorce Mediation Family Law Quarterly, Vol.35, no 1, pp. 7-15.

Andrew Schepard (2001), An Introduction to the Model Standards of Practice for Family and Divorce Mediation Family Law Quarterly, Vol.35, no 1, pp. 20-25.

Anna Nylund, Kaijus Ervasti and Lin Adrian (2018), Nordic Mediation Research. – Cham, Switzerland.: Springer. – 268 p.

Gorshkova V.V. (2009) Dialog v obrazovanii cheloveka. [Dialogue in human education]– SPb.: SPbGUP, 192 p. (in Russ)

Mami K. (2014), – Memleket basshysynyń bastamasy-sot reformasynyń qamar kózi [Initiatives of the Head of state-source of judicial reform], https://www.inform.kz/kz/k-mami-elbasy-bastamalary-sot-reformasynyn-kaynar-kozi_a2669736 (in Kaz)

Mediasia týraly Qazaqstan Respublikasynyń 2011 jylǵy 28 qańtarдағы №401-IV Zańy (2011), – [Law of the Republic of Kazakhstan]. // Egeмен Qazaqstan gazetі, 8 aqpan, 2 p.

Posrednichestvo v semeynykh sporakh: put' primireniya i ponimaniya (05.02.2019), [Mediation in family disputes: the way to reconciliation and understanding] <http://www.s-quo.com/content/articles/338/7282/> (in Russ)

Nazarbayev N.A. (2012), «Qazaqstan-2050» Strategiyası – qalıptasqan memlekettiñ jaña sayası bağıtı» –[«Strategy «Kazakhstan-2050» – a new political course of the established state»], -//Egemen Qazaqstan gazetі, pp. 2-3.

Nazarbayev N.A. (2012), Qazaqstannıñ älewmettik jañğırtılıwı: Jalpıǵa Ortaq Eñbek Qoǵamına qaray 20 qadam. [Social modernization of Kazakhstan: twenty steps to a society of Universal Labor].- // Egemen Qazaqstan gazetі, 10 şilde, pp. 1-2.

Robert A. Baruch Bush, Joseph P.Folger. (2004), The Promise of Mediation: Transformative Approach to Conflict. San Francisco.: Jossey-Bass, 288 p.


Roberts, Marian (2015) Hearing both sides: structural safeguards for protecting fairness in family mediation. Family Law, Vol.45, no 6, pp. 718-726.

World Justice Project (2017), Global Insights on Access to Justice. Findings from the World Justice Project General Population Poll in 101 Countries. Washington. 123 p.

3-бөлім
**ШЕТЕЛДІК ӘРІШТЕСТЕРДІҢ
МАҚАЛАЛАРЫ**

Section 3
**ARTICLES OF FOREIGN
COLLEAGUES**

Раздел 3
**СТАТЬИ
ЗАРУБЕЖНЫХ КОЛЛЕГ**

¹Li A.V. , ²D.E. Kadyrzhan, ³V.V. Kozlov, ⁴O.Kh. Aimaganbetova, ⁵A.K. Fayzullina

¹senior Lecturer of the department of social sciences and humanities, UIB,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: alexina.li@mail.ru

²MSc of the department of general and applied psychology, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: Danara_erkenova@mail.ru

³doctor of psychological sciences, professor of the department of social and political psychology,
Yaroslavl State University P.G. Demidova, e-mail: kozlov@zi-kozlov.ru

⁴doctor of psychological sciences, professor of the department of general and applied psychology, Al-Farabi
Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: alnara25@mail.ru

⁵senior lecturer of the department of general and applied psychology, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: Akfaizulina@mail.ru

DIAGNOSTICS AND PREVENTION OF SUICIDAL BEHAVIOR AMONG TEENAGERS

Abstract. This article is devoted to an empirical study of suicidal behavior among adolescents, as well as the process of creating an author's training. Throughout conducting of the research, we proceeded from the fact that today the issue under study is very relevant. The object of our study was adolescents of educational institutions, and the subject of their suicidal behavior.

We conducted a battery of methods consisting of 4 methods: the G. Eisenck questionnaire, the "Incomplete offers" method, the Albert Ellis test, and the method of studying the locus of control of J. Rotter. The study revealed that mainly modern adolescents have high personal anxiety, as well as the negative perception of the people around them, as a result of which, mostly adolescents find neither support nor help from people close to them. Most adolescents showed high rates on the scales of "Catastrophization", "Commitment in relation to oneself". The locus of control is mostly external to them, which indicates that adolescents tend to attribute their failures to external factors. Based on the results obtained, training was proposed that will contribute to the correction of these factors, as a result of which it will help in the prevention of suicidal behavior among adolescents.

Key words: suicidal behavior, adolescents, external and internal factors, author's training.

¹А.В. Ли, ²Д.Е. Қадыржан, ³В.В. Козлов, ⁴О.Х. Аймағанбетова, ⁵А.К. Файзулина

¹әлеуметтік ғылымдар және гуманитарлық ғылымдар
кафедрасының аға оқытушысы, UIB, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: alexina.li@mail.ru

²жалпы және қолданбалы психология кафедрасының магистранты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Danara_erkenova@mail.ru

³психология ғылымдарының докторы, профессор, П.Г. Демидова атындағы Ярославль мемлекеттік университеті, e-mail: kozlov@zi-kozlov.ru

⁴психология ғылымдарының докторы, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: alnara25@mail.ru

⁵жалпы және қолданбалы психология кафедрасының аға оқытушысы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Akfaizulina@mail.ru

Жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын-алу және диагностика

Аңдатпа. Бұл мақала жасөспірімдердің арасындағы өз-өзіне қол жұмсау әрекетінің эмпирикалық зерттеуіне арналған. Сонымен қатар, авторлық тренингтің дайындалу процесіне арналған. Ғылыми тәжірибені өткізу барысында біз бүгінгі күні қаралып отырған сұрақтың өзекті екендігіне назар аудардық. Ғылыми тәжірибенің объектісі ретінде жалпы білім беру мекемелерінің жасөспірімдері, ал тақырып ретінде олардың суицидтік мінез құлығы қарастырылды. Біздің зерттеуіміздің мақсаты – суицидтік мінез-құлықтың алдын алу және диагностика жасау.

Біз 4 әдістен тұратын әдістер батареясын жүргіздік: Г.Айзенктің сауалнамасы, "Аяқталмаған сөйлемдер" әдісі, Альберт Эллистің сынақтамасы (тест) және Дж. Роттердің телу локусы зерттеу әдісі. Зерттеу барысында анықталғаны, негізінен заманауи жасөспірімдер арасында тұлғалық қобалжу жоғары, сонымен қатар өзін қоршаған адамдарды негативті түрде қабылдайтындықтан жасөспірімдер жақын адамдарынан қолдау да көмек те таба алмайды. Жасөспірімдердің басым көпшілігінен "Барлығын бүйіктіру (Катастрификация)", "Өзіне байланысты міндеттеу" шкалалары

бойынша жоғары көрсеткіштер алынды. Оларда негізінен телу локусы сыртқы, осыдан шығатыны жасөспірімдер өздерінің сәтсіздіктерін сыртқы факторлармен байланыстырады. Алынған нәтижелерден айтылған факторлардың әсерін азайтатын тренинг ұсынылды, нәтижесінде жасөспірімдер арасындағы суицидтік қылықтың алдын алуға көмектеседі.

Түйін сөздер: суицидтік мінез-құлық, жасөспірімдер, сыртқы және ішкі факторлар, автордың дайындығы.

¹А.В. Ли, ²Д.Е. Қадыржан, ³В.В. Козлов, Аймаганбетова О.Х.⁴, Файзулина А.К.⁵

¹старший преподаватель кафедры социально-гуманитарных наук UIB, Казахстан, г. Алматы, e-mail: alexina.li@mail.ru

²Магистрант кафедры общей и прикладной психологии, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: Danara_erkenova@mail.ru

³доктор психологических наук, профессор кафедры социальной и политической психологии ЯргУ им. П.Г.Демидова, e-mail: kozlov@zi-kozlov.ru

⁴доктор психологических наук, профессор кафедры общей и прикладной психологии, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: alnara25@mail.ru

⁵старший преподаватель кафедры общей и прикладной психологии, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: Akfaizulina@mail.ru

Диагностика и профилактика суицидального поведения среди подростков

Абстракт. Данная статья посвящена эмпирическому исследованию суицидального поведения среди подростков, а также процессу создания авторского тренинга. При проведении исследования мы исходили из того, что на сегодняшний день данный вопрос является очень актуальным. Объектом нашего исследования были подростки общеобразовательных учреждений, а предметом – их суицидальное поведение.

Мы провели батарею методик, состоящих из 4 методов: опросник Г. Айзенка, метод «Незаконченные предложения», тест Альберта Эллиса и методика исследования локуса-контроля Дж. Роттера. В ходе исследования было выявлено, что в основном у современных подростков высокая личностная тревожность, а также негативное восприятие окружающих его людей в следствии чего, в основном подростки не находят ни поддержки, ни помощи со стороны близких ему людей. У большинства подростков были выявлены высокие показатели по шкалам «Катастрофизация», «Долженствование в отношении себя». Локус-контроля в основном у них внешний, что свидетельствует о том, что подростки склонны приписывать свои неудачи внешним факторам. Исходя из полученных результатов, был предложен тренинг, который будет способствовать коррекции данных факторов, вследствие чего поможет в профилактике суицидального поведения среди подростков.

Ключевые слова: суицидальное поведение, подростки, внешние и внутренние факторы, авторский тренинг.

Introduction

In Kazakhstan, among the main causes of children and adolescents' death, suicide takes the second place, there is a high level at the age of 10 to 14 years. Every year, every 12 teenagers attempt suicide. And though girls have more suicide attempts, boys have precisely the greater number of already completed suicide. As we know, there are various internal and external factors in the development of suicidal behavior. In the survey, we found out that today almost every second teenager thought about death in an unnatural way. As we know, adolescents take their own lives not because they want to die, but because they can not cope with the pain they experience. On the following questions, clarifying the causes of these irrational thoughts, we revealed an interesting connection between their assessment of the world around them, the processing of this

information and emotions. As a result, a change in the emotional state and behavior in general.

According to some studies (Essau et al. 2012), modern adolescents have an increased anxiety. Naturally heightened personal anxiety has a negative effect on relationships with all those around him, as well as on school performance and of course increases the risk of attempted suicidal behavior (Fletcher, 2008). Psychological treatments are effective in treating anxiety disorders in adolescents (James et al. 2013; Reynolds et al. 2012). It has also been previously discovered that suicidal individuals show a higher level of hopelessness (Braun, 2006), have irrational beliefs (Ellis, 2006), perfectionism (Hewitt, 2006), and deficiency in problem solving (Reinecke, 2006). Brown G.K. and Beck A.T. consider that cognitive biases play an integral role in the development and maintenance of suicidal ideation and behavior (Wenzel, 2009).

In accordance with the theory of interpersonal relationships (Cerel J, 2008), in the study of adolescents, it is necessary that all components comprise three components: these are behavioral, emotional, and social. According to this theory, emotions and feelings are negative, when people communicate with each other, they can lead to suicide. Social exclusion has been recognized as one of the most important factors in suicidal behavior in adolescents (Van Orden KA, 2010). Therefore, when building any training, it is necessary to do exercises for the development of communication skills.

And finally, family relationships (Moskos M, 2005). They have an emotional dependence on them. If the family's psychological climate is favorable, then she feels safe, both at home and outside. And, on the contrary, it is adapted to the outside world. Basically, these are negative emotions, and accordingly negative thoughts that lead to a depressive state, as well as to subsequent suicidal behavior. Ideally, working not only with adolescents, but also with their parents would give more effect and faster. And therefore, we also plan to create training for parents on the prevention of suicidal behavior among students in secondary schools. For parents, one can conduct not only trainings, but also seminars where they can learn about the psychological as well as emotional needs of their children. What kind of support does a modern teenager need today.

